

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ ТАСҚАРМАСЫ  
«САРЫАҒАШ МЕДРЕСЕ КОЛЛЕДЖІ» ЖМ

«Сарыағаш медресе колледжі» ЖМ директоры Д.А. Сәлімов  
« 30 » *Маусым* 2022 ж.



«САРЫАҒАШ МЕДРЕСЕ КОЛЛЕДЖІ» ЖМ-НІҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЛДЫНДА  
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША  
ЕСЕБІ

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Сарыағаш медресе колледжінің мемлекеттік аттестаттау алдында өзіндік бағалау қорытындылары бойынша есебі	4
1. Сарыағаш медресе колледжінің жалпы сипаттамасы	4
2. Кадрлық әлеуетті талдау	9
3. Білім алушылардың контингенті	13
4. Оқу-әдістемелік жұмыстар.	18
5. Оқу жұмысы. Білім алушылардың білім сапасын бағалау	27
6. Оқу-тәрбие жұмыстары	34
7. Оқу материалдық активтер, қаржылық жағдай	38
8. Оқу зертханалары және оқу-өндірістік шеберханалар	40
9. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	43
10. Кәсіптік практика	45
11. Колледждің бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуі	48
12. Мамандықтарды аттестаттау нәтижелері	49
<b>Қосымшалар</b>	
Қ-1 қосымша: Басшылық құрам туралы мәлімет, басқарушылық құжаттар	
10 қосымша: Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер	
11 қосымша: Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер	
12 қосымша: Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер	
13 қосымша: Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер	
14 қосымша: Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер	
17 қосымша: Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер	
18 қосымша: Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер	
19 қосымша: Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер	
21 қосымша: Күндізгі, кешкі, сырттай бөлімдер, экстернат бойынша оқу жылына арналған оқыту нысандары мен тілдері бойынша оқушылар контингенті туралы мәліметтер (бөлгішінде білім алушыларды мемлекеттік тілде көрсету)	
22 қосымша: Бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері	
Қ-2 қосымша: Біліктілік бойынша оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тізімі	

## КІРІСПЕ

Түркістан облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарын аттестаттау кестесіне сәйкес «Сарыағаш медресе колледжде» мемлекеттік аттестаттау алдында өзіндік бағалау жүргізілді.

Өзіндік бағалаудың мақсаты колледжде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігін анықтау және ресурстарды тиімді ұйымдастыру мақсатында объективті талдау және өзіндік бағалау.

Міндеттері:

- колледжде оқу, тәрбие, әдістемелік жұмыстардың жай-күйін, кадрлық әлеуетін, материалдық-техникалық база, ақпараттық ресурстар мен кітапхана қорын талдау жасау;

- колледждің оқу бағдарламаларын мемлекеттік жалпы білім стандарттарына сәйкес жүзеге асыру талдау жасау;

- колледжді мемлекеттік аттестаттауға дайындау;

Өзіндік бағалау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау Ережесіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы (26.07.2021 № 366 бұйрығымен толықтырылған) сәйкес жүргізілді. Өзіндік бағалау қорытындылары колледждің педагогикалық кеңесінде талқыланды (Хаттама №2, 01.10.2022ж.).

# САРЫАҒАШ МЕДРЕСЕ КОЛЛЕДЖІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЛДЫНДА ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

## 1. САРЫАҒАШ МЕДРЕСЕ КОЛЛЕДЖІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Бүгінде «Сарыағаш медресе колледжі» мемлекетіміздегі діни кәсіби білім беріп, жаңа буын маман иелерін даярлайтын бірден – бір киелі қара шаңырақтардың бірі. Кәсіптік білім беру саласында аз уақыт ішінде терең тарихқа ие бола білген, заманауи технологияны меңгерген, сапалы діни мамандар даярлап келеді.

Колледж тарихына үңілсек:

Қазақстан Республикасының Түркістан өңіріндегі дін саласында орта буын мамандар дайындайтын іргелі оқу орнының бірі – Сарыағаш медресе колледжі. Еңбек нарығындағы дін саласы бойынша туындаған мамандарға қажеттілікті, сұранысты өтеу арқылы Сарыағаш медресе колледжі қоғамдағы өзіндік дәрежесін, заманауилығын, маман даярлауда бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеген білім ордасы.

Колледждің іргетасы 2010 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төралқа мәжілісінің қаулысына сәйкес ҚМДБ-ың Бас мүфтиі бұйрығымен «Сарыағаш медресесі» атауымен орта буын дін маманын дайындайтын медресе ретінде құрылған.

2010 жылдан 2016 жылға дейін «*Сарыағаш медресесі*» деп аталды. 2015 жылы ҚМДБ-ың төралқа мәжілісінің қаулысы негізінде «*Сарыағаш медресе колледжі*» болып қайта құрылуына байланысты 2016 жылдың 15-қаңтарында сериясы №KZ16LAA00014948 кәсіптік орта білім беру саласында білім беру қызметін жүргізетін құқығы көрсетілген, мерзімі шектелмеген мемлекеттік лицензия берілді.

Қазіргі кезде колледж Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жарты төбе ауылдық округі, Ынтымақ ауылы, Аппаз ата көшесі №1 ғимаратта орналасқан. Меншік түрі – жеке мекеме. Ведомстволық бағыныштылығы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы.

Колледждің нарықтағы қажеттілігін анықтайтын басты факторлар, ол – заманауи материалды-техникалық база, білікті оқытушы және икемді, ұтқыр, білімді студенттер. Колледж 0112000-«Исламтану» мамандығы бойынша білікті мамандар даярлауды жүргізеді.

Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 19 қаңтарындағы № 130 қаулысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың үлгерімін ағымды бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурызындағы № 125 бұйрығын, Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы органының шешімін басшылыққа алады.

Сарыағаш медресе колледжінің педагогикалық ұжымы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Түркістан облысының білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2016 жылғы 15 қаңтарда лицензиялаған нөмірі KZ16LAA00014948 лицензияға берілген қосымшалар негізінде мамандықтар және біліктіліктер бойынша білім беру қызметін жүзеге асырады:

Р/с	Коды	Мамандығы	Біліктілігі
1	0112000	«Исламтану»	011201 3 «Имам хатиб» 011202 3 «Ислам негізінің мұғалімі»

Лицензия:

№	Мамандықтың шифры және атауы, біліктілігі	Лицензияның № Берілген күні	Лицензиар (лицензия берген орган)
1	0112000 – Исламтану 011201 3 - Имам хатиб 011202 3 - Ислам негізінің мұғалімі	KZ16LAA00014948 15.01.2016	ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ОҚО Білім саласындағы бақылау департаменті

Педагогикалық кеңестің шешімімен 2015 жылдан бастап колледждің арнайы веб-сайты ([www.medrese.kz](http://www.medrese.kz)) іске қосылған. Колледжде орталықтандырылған сервер жұмыс жасайды.

Сарыағаш медресе колледжі исламтану мамандығы бойынша мамандар даярлайтын аймақтағы бәсекеге қабілетті 10 жылдық тарихы бар білім ордасы. Бүгінде колледж түлектері еліміздің өркендеуі үшін әртүрлі салаларда игілікті жұмыстар атқаруда.

Сарыағаш медресе колледжі бүгінде заманауи жаңа технологиялық жабдықтармен қамтылған білім ордасы білімгерлердің сапалы білім алуын жоғары дәрежеде қамтамасыз етуде.

Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сай білім беру жүйесін жаңартып, оның құрылымын, мазмұнын жетілдіруде сапалы маман дайындап, мақсатты әрі табысты жұмыс жасауда. Оқу орнының материалдық-техникалық базасы мен жұмыс ауқымы жүйеге түсірілген, ақпараттық технологиямен толық жабдықтау жұмыстары қарқынды жүргізілген. Колледж Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың - «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын басшылыққа ала отырып, «2015-2019 жылдарға арналған МКҚК «Сарыағаш медресе колледжінің» стратегиялық даму жоспары негізінде жұмыс жасайды. Көрсетілген салалар бойынша мамандар даярлау, сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету, жастардың жан-жақты дамуы үшін оларды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қарқынды жұмыс жасалуда.

Сарыағаш медресе колледжі білім беру нарығында өзіндік орны бар, қарқынды даму үстіндегі материалдық-техникалық базасы қалыптасқан, заманауи оқыту технологияларын енгізуде инновацияларды қолданатын білім ордасы.

Қазіргі таңда колледж нарық сұранысына ие кестеде көрсетілгендей мамандықтар бойынша мамандар даярлайды. Колледжде білім беру мемлекеттік тілде жүзеге асырылады: Колледжде бүгінгі таңда 2 біліктілік бойынша 36 топ білім алууда.

Исламтану мамандығы Қазақстан өңірлері тұрғындарының сұранысын қанағаттандыратын мамандық болып отыр.

«Сарыағаш медресе колледжінің төмендегідей жарғылық құжаттары бар:

- Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу анықтамасы 2019 жылы 20 наурыз (соңғы);
- Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының 20.05.2015ж. № 1112-1958-12-М-Е бұйрығымен бекітілген Жарғысы;
- Медициналық қызмет көрсетуге рұқсат ететін Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы әкімшілігі, Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының лицензиясы; 0110656DX номері 05.07.2016ж.

Техникалық және кәсіби мамандарды дайындау мемлекеттік лицензияларға сәйкес жүргізіледі.

Сарыағаш медресе колледжінің педагогикалық ұжымы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Түркістан облысының білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2016 жылғы 15 қаңтарда лицензиялаған нөмірі KZ16LAA00014948 лицензияға берілген қосымшалар негізінде мамандықтар және біліктіліктер бойынша білім беру қызметін жүзеге асырады:

«Сарыағаш медресе колледжі» ЖМ лицензия бойынша (№ KZ16LAA00014948) 1 мамандық және 2 біліктілікті дайындауға құқығы бар.

Мамандарды дайындау мемлекеттік лицензияға қосымша №003 (берілген күні 28.04.2021ж.), №004 қосымша (берілген күні 08.04.2021ж.) төмендегі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

Мамандықтар коды	Мамандықтар атауы	Біліктілік коды	Біліктілік атауы
02210100	Исламтану	4S02210103	Имам-хатиб
02210100	Исламтану	4S 02210104	Ұстаз

Білім беру күндізгі бөлімде мемлекеттік тілде және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік негізде және ақылы негізде жүзеге асырылады.

01.10.2022 жылға есептегенде колледж оқушыларының саны – 925. Ағымдағы, яғни 2021-2022 оқу жылында барлығы 175 талапкер оқуға қабылданды, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша 150, нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 25 оқушы, оның 25-і мемлекеттік тілде білім алады.

Колледж балансында 3 оқу ғимараты, 2 студенттік жатақхана, 1 типтік спорт зал, 2 ашық спорт алаңы, 2 кітапхана, 2 компьютер сыныптары, 2 асхана, 2 медпункт бар. Колледждің кітапханасында 25 орындық 2 оқу залы бар, жалпы қоры 23548 астам дана кітаптан тұрады.

Колледжде әр мамандыққа арналып, соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз етілген оқу шеберханалары мен лабораториялары жұмыс жасайды. Оқу, технологиялық практикалары колледж шеберханаларында өтеді. Кәсіби практикадан оқушылар келісім шарттар негізінде аудандық, қалалық және облыстық кәсіпорындарында өтеді.

Колледж өз қызметін ҚР нормативті және құқықтық актілер, колледж Жарғысына, Колледж Ережесіне, колледждің педагогикалық Кеңес шешімдеріне және колледж директоры мен облыстық білім беру басқармасы басшысың бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырады:

- а) «Сарыағаш медресе колледжі» ЖМ-нің Жарғысының көшірмесі (қазақ тілінде);
- ә) «Сарыағаш медресе колледжі» ЖМ-нің заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі;
- б) «Сарыағаш медресе колледжі» ЖМ-нің білім берумен айналысуға берілген мерзімі шектелмеген мемлекеттік лицензиясы;
- в) Мемлекеттік лицензияға қосымшалар;
- г) Колледж ережесі.

Колледж өз жұмысында сапалы мамандарды дайындауда жоғары оқу орнының көпжылдық тәжірибесіне сүйенеді.

**Колледжің миссиясы** – нарық талаптарына сәйкес техникалық және технологиялық бейінде өңіріміз бен еліміздің еңбек нарығының талаптарына сәйкес инновациялы, сапалы білімі бар, бәсекеге қабілетті жұмысшы мамандар дайындау.

Сәйкес білімнің алуында тұлға қажеттілігін қанағаттандыру, осымен қатар кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Колледж миссиясы колледждің жұмыс жасау принципі негізінде оның статусын анықтап, нәтижеге бағытталған.

**Көзқарас** - қоғам және жұмыс беруші талаптарына жауап беретін, жоғары технологиялық өнеркәсіп салалары қажеттілігі үшін кәсіби және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бойынша Қазақстанда және аймақтық білім беру кеңістігінде танымал болу.

**Мақсаты** - білім беру қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ету, ТжКБ жүйесінің заманауи талаптарына жауап беретін колледж қызметінің басымды бағыттарын дамыту.

Колледждің басшылық органы болып педагогикалық кеңес есептеледі. Колледж дирекциясы құрамына директор, директор орынбасарлары, әдіскер және ЦӘБ меңгерушілері кіреді. ЦӘБ меңгерушілері педагогикалық кеңес шешімі негізінде директор бұйрығымен тағайындалады. Колледжде арнайы пәндер оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлерінің әдістемелік бірлестігі және жалпы білім беру пәндерінің әдістемелік бірлестігі бойынша 5 пәндік ЦӘБ жұмыс жасайды.

«Сарыағаш медресе колледжі» МКҚК іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Барлық «іс қағаздар номенклатурасы» мемлекеттік тілде рәсімделінген. Колледждің жұмыс құжаттары мемлекеттік және ресми тілде жүргізіледі. Сабақ кестесі, журналдар мен қызметтік жазбалар мемлекеттік тілде жасалады.

Колледжде оқушылар жан-жақты терең білім алу үшін техникалық құралдармен жабдықталған дәрісханалар, компьютерлік кластар, бай кітапхана қоры мен оқу залдары, аудиовизуалдық техника, интернет залдары пайдаланылады.

Өндірістік сараман мекемелер мен колледж арасында жасалған келісім шарт негізінде ұйымдастырылады. Колледжге оқуға қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Колледждің толық атауы:

Қазақ тілінде: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш медресе колледжі» жеке мекемесі.

Орыс тілінде – «Колледж медресе Сарыағаш» является частным учреждением Управления развития человеческого потенциала Туркестанской области.

Ағылшын тілінде: "College Madrasa Saryagash" is a private institution of the Department of Development of Human Potential of the Turkestan Region.

Колледждің орналасқан мекен - жайы:

Түркістан облысы,  
Сарыағаш ауданы,  
Жартытөбе ауылдық округі,  
Ынтымақ елді мекені  
Аппаз ата көшесі, 1  
[kazmedrese@gmail.com](mailto:kazmedrese@gmail.com),  
сайт: [www.medrese.kz](http://www.medrese.kz)

<b>Толық атауы:</b>	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш медресе колледжі» жеке мекемесі.
<b>Меншік түрі (мемлекеттік, мемлекеттік емес):</b>	Мемлекеттік емес
<b>Орналасқан жері (облыс, қала, аудан, көше):</b>	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Ынтымақ елді мекені, Аппаз ата көшесі, 1
<b>Құрылған жылы:</b>	27 қараша 2015 жыл
<b>Сыйымдылығы (колледж неше адамға есептелген):</b>	1150 адам
<b>Жарғы</b>	2016 жылдың 15-қаңтарында сериясы №KZ16LAA00014948 кәсіптік орта білім беру саласында білім беру қызметін жүргізетін құқығы көрсетілген, мерзімі шектелмеген мемлекеттік лицензия берілді
<b>БИН мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәлік:</b>	940240001726
<b>Директор (аты – жөні, толық), диплом бойынша мамандығы:</b>	Сманов Д.
<b>Аудандары көрсетілген оқу және өндірістік корпусстар саны:</b>	№1 Корпус 659 м <sup>2</sup> №2 Корпус-548 м <sup>2</sup> Асхана-397м <sup>2</sup> Жатақхана-960 м <sup>2</sup> №4 Корпус- 762,9 м <sup>2</sup> Қазандық-170 м <sup>2</sup> Шеберхана -952,3 м <sup>2</sup>
<b>Студент саны:</b>	925
<b>Оның ішінде:</b>	925
<b>- күндізгі бөлімде білім алады:</b>	
<b>- сырттай бөлімде білім алады:</b>	0
<b>Колледж сайты:</b>	<a href="http://www.medrese.kz">http://www.medrese.kz</a>
<b>E-mail:</b>	<a href="mailto:kazmedrese@gmail.com">kazmedrese@gmail.com</a>
<b>Байланыс телефондары:</b>	Қабылдау бөлмесі: 8 7113 022 733 Директор: 8 7113 022 101 8 778 633 47 07

Электрондық почтасы: [kazmedrese@gmail.com](mailto:kazmedrese@gmail.com)

Колледждің 2021-2024 жылдарға арналған Стратегиялық даму бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы талаптарына сәйкес жасалған 2021-2022 оқу жылына арналған кешенді жұмыс жоспары жасалған.

Колледждің құрылымдық бөлімшелеріне Педагогикалық Кеңес, құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі, Қамқоршылық кеңесі, әдістемелік бірлестіктер кіреді. Құрылымдық бөлімшелердің жұмыс ережелері жасалынды. Колледж директоры бекіткен барлық лауазымдық нұсқаулықтар бар.

## 2. Кадрлық әлеуетті талдау

Мемлекеттік стандарттар талабына сай білікті маман дайындауда оқытушылардың сапалық құрамы және кадрлармен жұмыстың ұйымдастырылуы үлкен роль атқарады.

Колледждің педагог қызметкерлері жоғары сапалы білікті кадрларды дайындауда басты ресурстардың бірі болып саналады.

Колледжде кадрлармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Білім заңына, Еңбек кодесіне, мемлекеттік «Білім» бағдарламасына, білім саласындағы нормативті-құқықтық актілерге, колледждің 2021-2024 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына, колледж Жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Колледжде 2022-2023 оқу жылына есептегенде қызмет атқаратын оқытушылардың жалпы саны – 63 (оның ішінде 63 педагог штаттық, 3-денетәрбиесі оқытушысы және 2-алғашқы әскери дайындық пәні оқытушысы). Штаттағы оқытушылардың жас құрамында 30 жасқа дейінгі жас оқытушылардың (24 оқытушы), барлық оқытушылардың 38% пайызын құрайды. Педагог кадрлардың орташа жасы – 35.

Магистр - 12

Бірінші санатты – 1

Екінші санатты – 9

Педагог – модератор – 15

Санатсыз -26

Оқытушылардың сапалық құрамы: 58,7%.

№	Атауы	Саны (адам)	Жалпы %
1	Педагогикалық кадр саны	63	100
	Соның ішінде:		
	- ұстаздар	63	100%
2	Ұстаздар (барлығы)	63	100%
	Соның ішінде:		
	- жоғары білімді	63	100%
	-магистр	12	19,3%
	- 1 санатты	1	1,5%
	- 2 санатты	9	14,2%
	-педагог - модератор	15	23,8%
	- санатсыз	26	41,2%

Колледждің педагог кадрларының сандық және сапалық құрамының соңғы жылдарда өзгеруі төмендегідей:

Педагог құрамының жалпы санының жылдар бойынша көрсеткіші:

2020-2021 оқу жылы – 56

2021-2022 оқу жылы – 64

2022-2023 оқу жылы - 63

Бірінші, жоғары санатты, магистрлер саны:

2020-2021 оқу жылы - 13 (жалпы саннан 23,2%)

2021-2022 оқу жылы - 13 (жалпы саннан 20,3%)



2022-2023 оқу жылы - 12 (жалпы саннан 19%)

Штаттық оқытушылардың орташа жасы:

2020-2021 оқу жылы – 40

2021-2022 оқу жылы - 38

2022-2023 оқу жылы - 35

Барлық оқытушылардың сабақ беретін оқу пәндеріне сәйкес базалық кәсіптік және педагогикалық жоғары білімдері бар. Базалық білімі жоқ оқытушылар жұмыс істемейді, қазіргі уақытта жұмыс жасайтын зейнеткер бар.

Колледжде оқу жүктемесі педагогикалық кеңес бекіткен оқу түрлері бойынша уақыт нормасы бойынша есептеледі. Колледж оқытушылары құрамының жылдық оқу жүктемесі 720-1080 сағат аралығында белгіленеді.

Соңғы 3 жылда педагог құрамның оң динамикасы байқалуда. Жұмыстан шығу себептері: өз еркімен және қоныс аударуына байланысты немесе зейнетке шығуына байланысты.

Жан жақты нәтижеге бағыттала ойластырылған кадрлық саясат жұмыстары нәтижесінде педагог құрамның сандық және сапалық көрсеткіштерінің жоғарылауы байқалды.

Әрбір педагогке негізгі ережелер, қызметкерлер құқығы мен міндеттері көрсетілген қызметтік нұсқаулықтар беріледі.

Жоғары педагогикалық деңгейі, нәтижелері мен өз ісін адал атқаратын колледж оқытушыларына материалды және моральды тұрғыдан ынталандырылады: Колледж әкімшілігінен колледжішілік алғыс хаттар, грамота, жыл қорытындысы бойынша ақшалай сыйлық беріледі.

Колледж ұжымының моральдық-психологиялық ахуалы қалыпты деуге болады. Колледж дирекциясы еңбек тәртібінің сақталуына үлкен мән береді.

Колледждің басшылық құрамын штаттық кестеге сәйкес директор, директордың оқу ісі, оқу-өндірістік, шаруашылық жөнінде және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, әдіскер және ЦӘБ жетекшілері құрайды. Басшылық құрамның барлығының да базалық және жоғары кәсіптік білімдері бар. Соның ішінде 2 магистр, 2-модератор, II- санатты 2 басшылық құрамдар бар. Басшылық құрамның орташа жасы – 35 жас.

Басшылық құрам қызметкерлердің міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, жұмысшылар қызметтері мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, қызметшілер қызметтерінің біліктілік анықтамалығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» басқа да нормативтік құжаттар негізінде жасалған қызметтік нұсқаулықпен анықталады.

**Директор –Сманов Дінмухаммед Абдужаппарұлы:**

1985 жылы 19-қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Үйленген, 3 қыз, 2 ұлы бар.

**БІЛІМІ:**

1991-2002 жылдары Ынтымақ ауылындағы С.Майлықожа атындағы орта мектепте білім алған.

2003-2005 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Сұлтанқорған мешітінің Құран Кәрім курсы тәмамдаған.

2007-2009 жылдары Сауд Арабиясы корольдігіндегі Араб тілі институтында білім алған.

2009-2013 жылдары Сауд Арабиясы корольдігіндегі «Ислам» университетінің Шариғат факультетін үздік дәрежемен аяқтаған.

2015-2017 жылдары Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің Дінтану мамандығы бойынша магистр дәрежесін қорғаған.

**ҚЫЗМЕТІ**

2015-2017 жылдары «Науан хазрет» атындағы Көкшетау Орталық мешітінің наиб имамы қызметін атқарған.

2015 жылдан бері Ақпараттық-насихат тобының мүшесі.

2017 жылдың наурыз айынан бастап «Әзірет Сұлтан» мешітінің ұстазы.

2020 жылдың қаңтар айынан бастап «Әзірет Сұлтан» мешітінің наиб имамдық қызметін атқарды.

Астана қалалық «Жергілікті түсіндіру тобының» (ЖТТ) мүшесі.

2019 жылдан бастап ҚМДБ-ның жанынан құрылған Республикалық ақпараттық насихат тобының (РАНТ) мүшесі.

2019 жылдан бастап ҚР АҚД Дін істер комитетінің жанынан құрылған өңірлік дін мәселелері жөніндегі ақпараттық- түсіндіру тобының (РАТТ) мүшесі.

**Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Сманов Рахматулла Абдусаттарұлы:**

1988 жылы 30- шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Үйленген, 2 қыз, 3 ұлы бар.

**БІЛІМІ:**

1995-2006 жылдары Ынтымақ ауылындағы С.Майлықожа атындағы орта мектепте білім алған.

2003-2005 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Сұлтанқорған мешітінің Құран Кәрім курсы тәмамдаған.

2009-2011 жылдары Сауд Арабиясы корольдігіндегі Араб тілі институтында білім алған.

2013-2016 жылдары Қазақстан инженерлік-педагогикалық халқтар достығы университетінде бакалавр мамандығын алған.

2017-2019 жылдары Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің Дінтану мамандығы бойынша магистр дәрежесін қорғаған.

Қазіргі таңда Алматы қаласында орналасқан Мұр- Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде «Дінтану» мамандығы бойынша докторантураның 3 курсына оқып жатыр.

**ҚЫЗМЕТІ:**

2014-2016 жылдар аралығында Сарыағаш медресесінде ұстаздық қызметін атқарған

2017 жылдан бастап Сарыағаш медресе колледжі директорының шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда

**Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Исмаилов Қанат Жарылқасынұлы:**

1986 жылы 02 – мамыр Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Жарты-төбе а/о Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Үйленген, 2 ұл 3 қызы бар.

**БІЛІМІ:**

1992-2003 жылдары Ынтымақ ауылындағы №09 С.Майлықожа атындағы жалпы орта мектепте білім алған.

2007-2010 жылдар аралығында Астана қаласындағы Политехникалық колледжін бітірген.

2010-2015 жылдар аралығында ОҚО Шымкент қаласындағы «Қазақстан инженерлік-педагогикалық халықтар достығы» университетінде бакалавр мамандығын тәмамдаған.

2015-2020 жылдар аралығында Түркістан облысы Шымкент қаласындағы «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін» тәмамдаған.

**ҚЫЗМЕТІ:**

2005-2007 жж аралығында ҚРҚК 70417 әскери бөлім қатарында мерзімді әскери қызметін өткерді.

2018 жылдан бастап Сарыағаш медресесінде ұстаздық қызметін атқарып келеді.

2018-2021 жылдар аралығында Сарыағаш медресе колледжі Алғашқы әскери ұйымдастырушысы қызметін атқарды.

2021-2022 жылдар аралығында Сарыағаш медресе колледжі директорының Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2022 жылдан бастап Сарыағаш медресе колледжі директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

**Директордың өндірістік-оқу ісі жөніндегі орынбасары –Торбеков Нуралы Кадырбекович**

1981 жылы 03- Қаңтар Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылға а/о, Қарақалпақ ауылында дүниеге келген. Үйленген, 2 қыз.

**БІЛІМІ:**

**1998 -2003**– жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Жарты төбе ауылдық округі Ынтымақ ауылындағы «Убай ибн Кааб» атындағы медресені оқып бітірген.

**2005-2009** жылдар аралығында Дамаск қаласындағы Аль-Фатех Аль Ислами институтының арабтілі мамандығы бойынша білім алған

**ҚЫЗМЕТІ:**

**2010-2016** жылдары аралығында Сарыағаш Медресе колледжінде оқытушы қызметін атқарған

**2016-2017** жылдар аралығында Сарыағаш медресе колледжінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

**2017-2019** жылдар аралығында Сарыағаш медресе колледжінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

**2019** жылдан бастап Сарыағаш медресе колледжінде директордың оқу өндірістік практика жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

**Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – Калжанов Ержан Хайруллаевич**  
1986 жылы 14- Қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Жібек-жолы ауылында дүниеге келген. Үйленген, 3 қыз, 1 ұлы бар.

**БІЛІМІ:**

1992-2003 жылдары Жібек – жолы ауылдық оқуоругінде «13жылдық» ауылындағы №24 Ж.Сүлейменов атындағы орта мектепте білім алған.

2003 -2006– жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Жарты төбе ауылдық округі БІнтымық ауылындағы «Убай ибн Кааб» атындағы медресені оқып бітірген.

2006-2010 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогокалық Университетін бітіріп «екі шет ел тілі» шет тілі бакалавр мамандығын алған.

2018-2019 жылдары Шымкент қаласындағы Аймақтық әлеуметтік инновациялық университетін бітіріп «Педагогока және психология» бакалавр мамандығын алған.

**ҚЫЗМЕТІ:**

2010-2011 жылдар аралығында Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы Сарыағаш медресесі Арнайы келісім шарт негізінде Араб тілі пәні ұстазы қызметін атқарған.

2017 жылдан бастап Сарыағаш медресе колледжінде педагог-психолог қызметін атқарған

2019– жылдан бастап Сарыағаш медресе колледжінде педагог-психолог қызметінен Әдіскер қызметіне 12.02.2019 тағайындалған.

2019– жылдан бастап Сарыағаш медресе колледжінде Әдіскер қызметінен 01.10.2019 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған.

### **3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОНТИНГЕНТІ**

Оқу жылдары / колледж атауы	Контингент, адам			
	Барлығы	Бюджет	Ақылы	Қазақ топтар
<b>2019-2020 оқу жылы</b>	<b>894</b>	<b>250</b>	<b>644</b>	<b>894</b>
<b>2020-2021 оқу жылы</b>	<b>866</b>	<b>150</b>	<b>716</b>	<b>866</b>
<b>2021-2022 оқу жылы</b>	<b>976</b>	<b>250</b>	<b>726</b>	<b>976</b>
<b>2022-2023 оқу жылы</b>	<b>925</b>	<b>400</b>	<b>525</b>	<b>925</b>

Оқыту күндізгі бөлімде қазақ тілінде, жергілікті және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырыс негізінде және ақылы негізінде жүргізіледі.

Оқыту исламтану мамандығы бойынша білім алушылар оқытылады. Колледж оқушыларының жалпы саны 01.10.2022 ж. есептегенде - 925, олардың ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша (бюджеттік) – 400 адам, ақылы негізде – 525 студент білім алуда .

2019 – 2020 оқу жылында қабылдау – 299 адамды құрады. Оның ішінде мемлекеттік тілде оқытылатыны – 299 студент. Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс 0112000 – исламтану мамандығы бойынша – жалпы орта білім базасында 50 адам қабылданды. Оның ішінде « 0112013 – имам хатиб» біліктілігі бойынша 25 студент, 0112023 – ислам негізінің мұғалімі» біліктілігіне 25 студент оқуға қабылданды. Ал ақылы негізде оқуға қабылданғандардың жалпы саны – 249 студентті құрады. Оның ішінде « 0112013 – имам хатиб» біліктілігі бойынша 114 студент, 0112023 – ислам негізінің мұғалімі» біліктілігіне 135 студент қабылданды. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 205 және жалпы орта білім базасында – 44 адам.

2020 - 2021 оқу жылында қабылдау – 287 адамды құрады. Оның ішінде мемлекеттік тілде оқытылатыны – 287 студент. Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс «02210100-

исламтану» мамандығы бойынша жалпы орта білім базасында 50 адам қабылданды. Оның ішінде «4S02210103-имам хатиб» біліктілігіне – 25 студент, «4S02210104-ұстаз» біліктілігіне – 25 студент оқуға қабылданды. Ал ақылы негізде оқуға қабылданғандардың жалпы саны – 237 студентті құрады. Оның ішінде «4S02210103-имам хатиб» біліктілігіне – 151 студент, «4S02210104-ұстаз» біліктілігіне – 86 оқуға қабылданды. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 210 және жалпы орта білім базасында – 27 адам.

2021 - 2022 оқу жылында 02210100-исламтану мамандығы бойынша қабылдау – 376 адамды құрады. Оның ішінде: Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс бойынша – 150 адам қабылданды. «4S02210103-имам хатиб» біліктілігіне – 50 студент, «4S02210104-ұстаз» біліктілігіне – 100 студент қабылданды. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 100 және жалпы орта білім базасында – 50 адам. Ақылы негізде қабылданған студенттердің жалпы саны – 226 студентті құрады. Оның ішінде «4S02210103-имам хатиб» біліктілігіне – 53 студент, «4S02210104-ұстаз» біліктілігіне – 173 оқуға қабылданды. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 177 және жалпы орта білім базасында – 49 адам.

2022 - 2023 оқу жылында 02210100-исламтану мамандығы бойынша қабылдау – 336 адамды құрады. Оның ішінде: Республикалық бюджет және жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс бойынша – 200 адам қабылданды. «4S02210103-имам хатиб» біліктілігіне – 75 студент, «4S02210104-ұстаз» біліктілігіне – 125 студент қабылданды. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 150 және жалпы орта білім базасында – 50 адам. Ақылы негізде қабылданған студенттердің жалпы саны – 136 студентті құрады. Оның ішінде «4S02210103-имам хатиб» біліктілігіне – 26 студент, «4S02210104-ұстаз» біліктілігіне – 110 оқуға қабылданды. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 110 және жалпы орта білім базасында – 26 адам.

Тексеріс барысында білім алушылар саны 925 (республикалық және жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс негізінде - 400, ақылы негізде – 525, мемлекеттік тілде -925), оның ішінде негізгі орта білім базасында –765 (мемлекеттік тапсырыс негізінде – 283, мемлекеттік тілде - 765) және жалпы орта білім базасында – 160 (мемлекеттік тапсырыс негізінде - 117, мемлекеттік тілде - 160).

Болжамды бітіріп шығатын студенттер саны – 168 адам. (мемлекеттік тапсырыс негізінде-50, мемлекеттік тілде - 168), оның ішінде негізгі орта білім базасында – 133 (мемлекеттік тапсырыс негізінде - 17, мемлекеттік тілде -133) және жалпы орта білім базасында – 35 (мемлекеттік тапсырыс негізінде -33, мемлекеттік тілде –35).

Кесте 3.2. **2019-2020 оқу жылында күндізгі оқу бөлімі бойынша –894 білім алушы оқыды.**

Мамандық	Контингент, адам				
	Барлығы	Бюджет	Ақылы	Қазақ топтар	Орыс топтар
<b>0112000 – Исламтану мамандығы</b>	<b>894</b>	<b>250</b>	<b>644</b>	<b>894</b>	<b>-</b>
<i>0112013 – имам хатиб біліктілігі</i>	<i>399</i>	<i>150</i>	<i>249</i>	<i>399</i>	<i>-</i>
<i>0112023 – ислам негізінің мұғалімі</i>	<i>495</i>	<i>100</i>	<i>395</i>	<i>495</i>	<i>-</i>
<i>Ұлдар</i>	<i>501</i>	<i>239</i>	<i>262</i>	<i>501</i>	<i>-</i>
<i>Қыздар</i>	<i>393</i>	<i>11</i>	<i>382</i>	<i>393</i>	<i>-</i>

Білім алушылар құрамынан жыл бойына 141 адам оқудан түрлі себептермен шыққан. Олардың ішінде ұлдар-76 студент, қыздар – 65 студент шыққан. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 92 студент, жалпы орта білім базасында – 37 студент, ТЖКБ немесе диплом арқылы келгендер – 12 студент. Оқу жылы барысында келген студенттер жалпы саны – 15 студентті құрады. Оның ішінде ұлдар - 6 студент, қыздар – 9 студент келген. Олардың ішінде негізгі орта білім базасында – 14, ТЖКБ немесе диплом арқылы келгендер – 1 студент. Жалпы колледжде 34 топ болды. Олардың ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде – 10 топтар, ақылы топтар - 24. Оқу жылы барысында студенттердің сабаққа қатысым көрсеткіші – 96,9% құрады, ал үлгерім сапасы -71,7%, жалпы үлгерім - 96% болды. Студенттердің алған бағалары бес баллдық шкала бойынша – 3.9 баллды құрады

Кесте 3.3. **2020-2021 оқу жылында күндізгі оқу бөлімі бойынша –866 білім алушы оқыды.**

Мамандық	Контингент, адам				
	Барлығы	Бюджет	Ақылы	Қазақ топтар	Орыс топтар

<b>0112000 – Исламтану мамандығы</b>	<b>866</b>	<b>150</b>	<b>716</b>	<b>866</b>	<b>-</b>
<i>0112013 – имам хатиб біліктілігі</i>	<i>436</i>	<i>100</i>	<i>336</i>	<i>399</i>	<i>-</i>
<i>0112023 – ислам негізінің мұғалімі</i>	<i>430</i>	<i>50</i>	<i>380</i>	<i>430</i>	<i>-</i>
<i>Ұлдар</i>	<i>487</i>	<i>150</i>	<i>337</i>	<i>487</i>	<i>-</i>
<i>Қыздар</i>	<i>379</i>	<i>-</i>	<i>379</i>	<i>379</i>	<i>-</i>

Білім алушылар құрамынан жыл бойына 100 адам оқудан түрлі себептермен шыққан. Олардың ішінде ұлдар-50 студент, қыздар – 50 студент шыққан. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 64 студент, жалпы орта білім базасында – 21 студент, ТЖКБ немесе диплом арқылы келгендер – 15 студент. Оқу жылы барысында келген студенттер жалпы саны – 5 студентті құрады. Оның ішінде ұлдар – 3 студент, қыздар – 2 студент келген. Олардың ішінде негізгі орта білім базасында – 5. Жалпы колледжде 33 топ болды. Олардың ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде – 6 топтар, ақылы топтар - 27. Оқу жылы барысында студенттердің сабаққа қатысым көрсеткіші – 95,2% құрады, ал үлгерім сапасы -61,8%, жалпы үлгерім - 99% болды. Студенттердің алған бағалары бес баллдық шкала бойынша – 3.7 баллды құрады

Кесте 3.4. **2021-2022 оқу жылында күндізгі оқу бөлімі бойынша –976 білім алушы оқыды.**

Мамандық	Контингент, адам				
	Барлығы	Бюджет	Ақылы	Қазақ топтар	Орыс топтар
<b>Барлығы</b>	<b>976</b>	<b>250</b>	<b>726</b>	<b>976</b>	<b>-</b>
<i>Ұлдар</i>	<i>532</i>	<i>211</i>	<i>321</i>	<i>532</i>	<i>-</i>
<i>Қыздар</i>	<i>444</i>	<i>39</i>	<i>405</i>	<i>444</i>	<i>-</i>
<b>0112000 – Исламтану мамандығы</b>	<b>600</b>	<b>100</b>	<b>500</b>	<b>600</b>	<b>-</b>
<i>0112013 – имам хатиб біліктілігі</i>	<i>323</i>	<i>76</i>	<i>247</i>	<i>323</i>	<i>-</i>
<i>0112023 – ислам негізінің мұғалімі</i>	<i>277</i>	<i>24</i>	<i>253</i>	<i>277</i>	<i>-</i>
<b>02210100 – Исламтану мамандығы</b>	<b>376</b>	<b>150</b>	<b>226</b>	<b>376</b>	<b>-</b>
<i>4S02210103-имам хатиб</i>	<i>103</i>	<i>50</i>	<i>53</i>	<i>103</i>	<i>-</i>
<i>4S02210104-ұстаз</i>	<i>273</i>	<i>100</i>	<i>173</i>	<i>273</i>	<i>-</i>

Білім алушылар құрамынан жыл бойына 106 адам оқудан түрлі себептермен шыққан. Олардың ішінде ұлдар-49 студент, қыздар – 57 студент шыққан. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 57 студент, жалпы орта білім базасында – 30 студент, ТЖКБ немесе диплом арқылы келгендер – 19 студент. Оқу жылы барысында келген студенттер жалпы саны – 22 студентті құрады. Оның ішінде ұлдар – 9 студент, қыздар – 13 студент келген. Олардың ішінде негізгі орта білім базасында – 20, жалпы орта білім базасында – 1 студент, ТЖКБ немесе диплом арқылы келгендер – 1 студент ауысып келді. Жалпы колледжде 36 топ болды. Олардың ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде – 10 топтар, ақылы топтар - 26. Оқу жылы барысында студенттердің сабаққа қатысым көрсеткіші – 94,2% құрады, ал үлгерім сапасы -63,8%, жалпы үлгерім – 96,1% болды. Студенттердің алған бағалары бес баллдық шкала бойынша – 3.8 баллды құрады

**2022-2023 оқу жылында күндізгі оқу бөлімі бойынша – 925 білім алушы.**

Кесте 3.5.

Мамандық	Контингент, адам				
	Барлығы	Бюджет	Ақылы	Қазақ топтар	Орыс топтар
<b>02210100 – Исламтану мамандығы</b>	<b>925</b>	<b>400</b>	<b>525</b>	<b>925</b>	<b>-</b>
<i>4S02210103-имам хатиб</i>	<i>344</i>	<i>150</i>	<i>194</i>	<i>344</i>	<i>-</i>
<i>4S02210104-ұстаз</i>	<i>581</i>	<i>250</i>	<i>331</i>	<i>581</i>	<i>-</i>
<i>Ұлдар</i>	<i>532</i>	<i>294</i>	<i>238</i>	<i>532</i>	<i>-</i>

Қыздар	393	106	287	393	-
--------	-----	-----	-----	-----	---

Білім алушылар құрамынан жыл бойына 284 адам оқудан түрлі себептермен шыққан. Олардың ішінде ұлдар-160 студент, қыздар – 124 студент шыққан. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 200 студент, жалпы орта білім базасында – 56 студент, ТЖКБ немесе диплом арқылы келгендер – 28 студент. Оқу жылы барысында келген студенттер жалпы саны – 45 студентті құрады. Оның ішінде ұлдар - 24 студент, қыздар –21 студент келген. Олардың ішінде негізгі орта білім базасында –37, жалпы орта білім базасында – 4 студент, ТЖКБ немесе диплом арқылы келгендер – 4 студент. Жалпы колледжде 36 топ болды. Олардың ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде – 16 топтар, ақылы топтар - 20. Оқу жылы барысында студенттердің сабаққа қатысым көрсеткіші – 96,9% құрады, ал үлгерім сапасы -71,7%, жалпы үлгерім - 96% болды. Студенттердің алған бағалары бес баллдық шкала бойынша – 3.9 баллды құрады

### ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ (2022 жылдың 1 қазаны)

		Саны (адам)
<b>1</b>	<b>Барлығы оқитыны.</b>	<b>925</b>
	<b>Сонын ішінде:</b>	
	- 9 сынып бітірген.	765
	- 11 сынып бітірген.	110
	- ТЖКБ немесе ЖОО бітірген	50
	- мемлекеттік тапсырыс	400
	- төлемақыға	525
	- РБ есебінен	150
	- ЖБ есебінен	250
	- мемлекеттік тілде	925
	- күндізгі оқу бөлімінде	925
	- сырттай оқу бөлімінде	-
	- оралмандар	0
	- жетім балалар	6
	- мүгедектер	4
	- басқа өңірлерден	422
<b>2</b>	<b>Барлығы қабылданғаны,</b>	<b>336</b>
	<b>Соның ішінде:</b>	
	- 9 сынып бітірген.	260
	- 11 сынып бітірген.	53
	- ТЖКБ немесе ЖОО бітірген	23
	- мемлекеттік тапсырыс	200
	- төлемақыға	136
	- РБ есебінен	150
	- ЖБ есебінен	50
	- мемлекеттік тілде	336
	- күндіз оқу бөлімінде	175
	- сырттай оқу бөлімінде	-
<b>3</b>	<b>Түлектер</b>	<b>148</b>
	<b>Соның ішінде:</b>	
	- 9 сынып бітірген	99
	- 11 сынып бітірген	33
	ТЖКБ немесе ЖОО бітірген	16
	- мемлекеттік тапсырыс	49
	- төлемақыға	99
	- ЖБ есебінен	49
	- мемлекеттік тілде	148
	- күндізгі оқу бөлімінде	148

	- сырттай оқу бөлімінде	-
<b>4</b>	<b>Еңбекке тартылғаны,</b>	<b>136 (91,8%)</b>
	<b>Соның ішінде:</b>	
	- жұмысқа	<b>101</b>
	- жоғары оқу орындарына түсті (колледждер)	<b>32</b>
	- Қарулы күштер	-
	- жүктілік демалысы	<b>3</b>

#### 4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР.

Әдістемелік кабинеті істердің номенклатурасына сай қажетті құжаттармен жабдықталған. Олар: әдістемелік жұмыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар, оқытушылар туралы мәліметтер базасы, сабақты жоспарлауға арналған әдістемелік нұсқаулар, оқу орнында оқу-тәрбиелік жұмыс жүйесі мен еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман дайындау мақсатында әдістемелік жұмыс жүргізіледі.

Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи оқыту әдістері, түрі және оны қолдануды зерттеп, әр оқытушы жаңа педагогикалық және білім беру технологиялары негізінде өзінің әдістемелік тақырыбын әзірлейді.

Әдістемелік жұмыстың маңызды бөлігі білім алушының оқу материалын меңгеруі мен білім сапасына талдау болып табылады. Педагогикалық ұжымға әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқу жылының басында жоспарланған және бекітілген әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында колледж әдіскері жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар, білім және әдістемелік шеберлікті жетілдіру, оқу мен тәрбиедегі бірегей әдістер қолдануды қалыптастыру, оқу және тәрбие жұмысындағы тәжірибені жалпылау, мамандар даярлауда алдыңғы әдістерді енгізу жұмыстары жүргізіледі.

#### 2020-2021 оқу жылындағы жас мамандар мен тәлімгерлер

№	Аты-жөні	Лауазымы	Тәлімгер	Санаты
1.	Джанабаева Арайлым Абдрахмановна	арнайы пән оқытушысы	Ерматова Дильфуза Садыковна	Педагог – модератор
2.	Базарбай Ғалия	арнайы пән оқытушысы	Аюпова Феруза Садыковна	Педагог – модератор
3.	Бердиева Айдана	арнайы пән оқытушысы	Сманова Бактыгул Нышанбаевна	Педагог – модератор
4.	Айдар Саида Жұмахожақызы	химия пән оқытушысы	Аюпова Гаухар Абдинасировна	Санаты жоқ
5.	Сейтқанов Қуаныш Бәкенұлы	арнайы пән оқытушысы	Кадиров Эркин Мусирманович	Педагог – модератор
6.	Сейтов Мухтар Жарылқасинович	Қазақстан тарихы пән оқытушысы	Махсутов Азамат Абдурасулович	Педагог – модератор
7.	Сманов Сайдкутуб Абдужаппарович	арнайы пән оқытушысы	Жакипов Жусипхан Жумаханович	Педагог – модератор
8.	Мұзаффар Адина Сейдрахымқызы	арнайы пән оқытушысы	Сманова Раушан Нышанбаевна	Педагог – модератор
9.	Идияева Балзия Нурдаулетовна	Шет тілі пән оқытушысы	Альходжаева Джумагул Адырысовна	Санаты жоқ

2020-2021 оқу жылында жас маман «Исламтану» арнайы пән оқытушылары Джанабаева Арайлым Абдрахмановнаға «Исламтану» мамандығының арнайы пән оқытушысы Ерматова Дильфуза Садыковна, Базарбай Ғалияға арнайы пән оқытушысы Аюпова Феруза Садыковна, Бердиева Айданаға арнайы пән оқытушысы Сманова Бактыгул Нышанбаевна, Айдар Саида Жұмахожақызына жалпы пән оқытушысы Аюпова Гаухар Абдинасировна, Сейтқанов Қуаныш Бәкенұлына арнайы пән оқытушысы Кадиров Эркин Мусирманович, Сейтов Мухтар Жарылқасиновичке арнайы пән оқытушысы Махсутов Азамат Абдурасулович, Сманов Сайдкутуб Абдужаппаровичке арнайы пән оқытушысы Жакипов Жусипхан Жумаханович,

Мұзаффар Адина Сейдрахымқызына арнайы пән оқытушысы Сманова Раушан Нышанбаевна, Идияева Балзия Нурдаулетовнаға жалпы пән оқытушысы Альходжаева Джумагул Адырысовна тәлімгер болып тағайындалды. Жыл бойына тәлімгерлер жас мамандармен құжаттар толтыру, әдістемелік папкаларын ресімдеу т.б. әдістемелік көмек көрсетті.

**2021-2022** оқу жылында жас маман «Исламтану» жалпы пән оқытушысы А. Абдировға «Исламтану» жалпы пән оқытушысы А. Махсутов, А.Әбішке жалпы пән оқытушысы Г. Байтемирова, Д.Белялға арнайы пән оқытушысы Ж. Жакипов, Н.Әуелбековқа арнайы пән оқытушысы А. Нашуран, Н.Сатимовқа арнайы пән оқытушысы Н.Шораев, А.Уринсафаровқа арнайы пән оқытушысы Н.Ниязов, Б.Асановаға жалпы пән оқытушысы Г.Аюпова, Д.Эрматоваға жалпы пән оқытушысы А.Кулбаева, А.Балтабаевқа арнайы пән оқытушысы Н.Әду, Ж.Зайнуддинға арнайы пән оқытушысы Н.Беков, М.Шапулатоваға арнайы пән оқытушысы Д.Ерматова, М.Шакирға арнайы пән оқытушысы А.Кучаков, А.Өмірбайға жалпы пән оқытушысы Б.Идияева, А.Бөкенге арнайы пән оқытушысы Э.Кадиров, Л.Жунисоваға арнайы пән оқытушысы Ғ.Базарбай, Ф.Раметке арнайы пән оқытушысы Ф.Аюпова тәлімгер болып тағайындалды.

Жыл бойына тәлімгерлер жас маманмен құжаттар толтыру, әдістемелік папкаларын ресімдеу т.б. әдістемелік көмек көрсетті.

**2022-2023** оқу жылында жас маман «Исламтану» жалпы пән оқытушысы Д.Сулейменовқа «Исламтану» жалпы пән оқытушысы А.Абдиров, М.Сағындықовқа арнайы пән оқытушысы Ж.Жакипов, Ж.Майданбекке жалпы пән оқытушысы Ж.Зайнуддин, С.Жумадиллаевқа арнайы пән оқытушысы А.Махсутов, А.Байжанақовқа арнайы пән оқытушысы З.Хайруддинов, Д.Кумекөвқа арнайы пән оқытушысы Т.Кулжанов, У.Мирзатуллаевқа арнайы пән оқытушысы Н.Ниязов, Н.Нартановқа жалпы пән оқытушысы Н.Сатимов, М.А Шерифке арнайы пән оқытушысы А.Балтабаев, Ә.Әліпке арнайы пән оқытушысы Д.Ерматова, А.Кариповаға арнайы пән оқытушысы А.Джанабаева, Д.Конысоваға арнайы пән оқытушысы П.Бурисова, Ж.Смановаға арнайы пән оқытушысы Х.Сманова тәлімгер болып тағайындалды.

Оқу жылының бірінші жарты жылдығында тәлімгерлер жас мамандармен құжаттар толтыру, әдістемелік папкаларын ресімдеу т.б. әдістемелік көмек көрсетті.

**2021-2022 оқу жылындағы жас мамандар мен тәлімгерлер**

№	Аты-жөні	Лауазымы	Тәлімгер	Санаты
1.	Абдиров А.	Шет тілі пән оқытушысы	Махсутов А.	Педагог – модератор
2.	Әбіш А.	Математика пән оқытушысы	Байтемирова Г.	Педагог – модератор
3.	Белял Д.	Тарих пән оқытушысы	Жакипов Ж.	Педагог – модератор
4.	Әуелбеков Н.	Дене тәрбиесі пән оқытушысы	Нашуран А.	Педагог – модератор
5.	Сатимов Н.	Дене тәрбиесі пән оқытушысы	Шораев Н.	Педагог – модератор
6.	Уринсафаров А.	Информатика пән оқытушысы	Ниязов Н.	Педагог – модератор
7.	Асанова Б.	Педагогика ж/е психология	Аюпова Г.	Санаты жоқ
8.	Эрматова Д.	арнайы пән оқытушысы	Кулбаева А.	Педагог – модератор
9.	Балтабаев А.	арнайы пән оқытушысы	Әду Н.	Педагог – модератор
10.	Зайнуддин Ж.	Химия пән оқытушысы	Беков Н.	Санаты жоқ
11.	Шапулатова М.	арнайы пән оқытушысы	Ерматова Д.	Педагог – модератор
12.	Шакир М.	арнайы пән оқытушысы	Кучаков А.	II
13.	Өмірбай А.	Орыс тілі пән оқытушысы	Идияева Б.	Санаты жоқ



14.	Бөкен А.	арнайы пән оқытушысы	Кадиров Э.	Педагог – модератор
15.	Жунисова Л.	арнайы пән оқытушысы	Базарбай Ғ.	Педагог – модератор
16.	Рамет Ф.	арнайы пән оқытушысы	Аюпова Ф.	Педагог – модератор

### 2022-2023 оқу жылындағы жас мамандар мен тәлімгерлер

№	Аты-жөні	Лауазымы	Тәлімгер	Санаты
1.	Сулейменов Д.	Тарих пән оқытушысы	Абдиров А.	Педагог – модератор
2.	Сағындықов М.	арнайы пән оқытушысы	Жакипов Ж.	Педагог – модератор
3.	Майданбек Ж.	Физика пән оқытушысы	Зайнуддин Ж.	Санаты жоқ
4.	Жумадилаев С.	арнайы пән оқытушысы	Махсутов А.	Педагог – модератор
5.	Байжанақов А.	арнайы пән оқытушысы	Хайрулдинов З.	Санаты жоқ
6.	Кумеков Д.	арнайы пән оқытушысы	Кулжанов Т.	Санаты жоқ
7.	Мирзатуллаев У.	Тарих пән оқытушысы	Ниязов Н.	Педагог – модератор
8.	Нартанов Н.	Дене тәрбиесі пән оқытушысы	Сатимов Н.	Санаты жоқ
9.	Шериф М.А	арнайы пән оқытушысы	Балтабаев А.	Санаты жоқ
10.	Әліп Ә.	арнайы пән оқытушысы	Ерматова Д.	Педагог – модератор
11.	Карипова А.	арнайы пән оқытушысы	Джанабаева А.	Санаты жоқ
12.	Конысова Д.	арнайы пән оқытушысы	Бурисова П.	Педагог – модератор
13.	Сманова Ж.	арнайы пән оқытушысы	Сманова Х.	Санаты жоқ

Колледждің әдістемелік жұмыстың практикалық тұрғыда оның орындалуын қадағалау барысында негізгі бағыттары анықталды:

- Колледж оқытушыларының әдістемік жұмысын дамыту;
- Педагогикалық ұжымның біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмысын дамыту;

**Колледждің жалпы әдістемелік тақырыбы:** «Кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагогтардың болашақ мамандарды дайындаудағы кәсіби құзіреттілігін арттыру».

Колледждің әдістемелік қызметі жылдық жұмыс жоспарына байланысты келесі жұмыстарды атқарады:

- колледждің оқу үрдісін ұйымдастыру;
- колледждің педагогикалық қызметкерлерінің аттестациясы;
- колледждің алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерін тарату;
- колледждің оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру.

Оқу-әдістемелік кеңесі 2 айда 1 рет өткізіліп отырады. Оқытушылар төмендегідей іс-шараларды ұйымдастырады:

-жыл сайын «5 қыркүйек - Қазақстан халықтары тілдері күні» апталығына орай курстар арасында араб тілінен түрлі сайыстармен тәрбиелік шаралар өткізіледі.

-жыл сайын педагогтар пәндік апталықтар, әртүрлі формада кластан тыс жұмыстар, ашық сабақтар, спорттық шаралар, дөңгелек үстелдер, диспуттар өткізеді.

Барлық педагог мамандар мен студенттерге сабақтан тыс уақытта интернет желісімен жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Педагогикалық ұжымға әдістемелік көмек көрсету оқу жылының басында жоспарланған және бекітілген әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында директордың

оқу, тәрбие жөніндегі орныбасарлары жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар, білім және әдістемелік шеберлікті жетілдіру, оқу мен тәрбиедегі бірегей әдістер қолдануды қалыптастыру, оқу және тәрбие жұмысындағы тәжірибені жалпылау, мамандар даярлауда алдыңғы әдістерді енгізу жұмыстары жүргізіледі.

**Колледж бойынша 5 “Циклдік әдістемелік бірлестік” жұмыс жасайды. Олар:**

№	Пәндік циклдық комиссиясы жетекшісінің аты-жөні	Білімі	Санаты	Мамандығы	Пәндік циклдық комиссиясы
1	Альходжаева Джумагул Адырысовна	жоғары	Санат жоқ	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы	Жалпы және қоғамдық – әлеуметтік пәндері бірлестігі
2	Байтемирова Гулимхан Жаппаровна	жоғары	Педагог - модератор	Информатика пәні оқытушысы	ИФМ және тәрбиесі АӘД пәндері бірлестігі
3	Жакипов Жусипхан Жумаханович	жоғары	Педагог - модератор	Арнайы пән оқытушысы	Кәсіптік пәндер бірлестігі
4	Хайридинов Зухриддин Зайниддинович	жоғары	Санат жоқ	Арнайы пән оқытушысы	Арнайы пәндер бірлестігі
5	Ерматова Дилфуза Садыковна	жоғары	Педагог - модератор	Арнайы пән оқытушысы	«Ұстаз» арнайы және кәсіптік пәндер бірлестігі

**2020-2021 оқу жылында тағылымдамадан өткен педагогтар: ЖОҚ!**

**2020-2021 оқу жылдарындағы ТжКББҰ педагог кадрлар арасында өткен халықаралық, республикалық, облыстық конференциялар мен семинарларға қатысқан педагогтар туралы мәлімет:**

1. Республикалық «Үздік Педагог» ұстаздар арасында олимпиадаға Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы “Сарыағаш медресе колледжі” Аюпова Феруза Садыковна қатысып сертификат иеленді.

**2020-2021 оқу жылындағы оқытушылар мен оқушылардың Бұқаралық ақпарат басылымдары:**

**2020-2021 оқу жылындағы ұжымның оқу-әдістемелік жетістіктері:**

**- ТжКББҰ педагог кадрлар арасындағы оздырылған облыстық және республикалық байқаулардың қорытындысы**

*( бас жүлде, I,II,III орындарға иеленгендер)*

1. «Қараша» айында өткізілген Республикалық «Педагогика» блиц-турнирінің 1- орын жеңімпазы Түркістан облысы Сарыағаш медресе колледжі Аюпова Феруза Садыковна дипломмен марапатталды.
2. «Қараша» айында өткізілген Республикалық «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» блиц-турнирінің 2-орын жеңімпазы Түркістан облысы Сарыағаш медресе колледжі Ерматова Дилфуза Садыковна дипломмен марапатталды.

**2020-2021 оқу жылында іс тәжірибені тарату туралы мәлімет:**

1. Түркістан облысы Сарыағаш медресе колледжі Араб тілі және грамматикасы ұстазы Ерматова Дилфуза Садыковна «Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми-әдістемелік сайтында ақиданың маңыздылығы оқу әдістемелік материалды жариялағаны үшін сертификатқа ие болды.
2. Түркістан облысы Сарыағаш медресе колледжі оқытушысы Қалмұратов Темур Қожакелдіұлы «Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми-әдістемелік сайтында Өзін-өзі тану оқу әдістемелік материалды жариялағаны үшін сертификатқа ие болды.

## **2020-2021 оқу жылында ISBN баспасынан шығарылған оқу құралдар:**

### **- 2020-2021 оқу жылындағы ТжКББҰ оқушылары арасындағы оздырылған облыстық, республикалық және халықаралық байқаулардың қорытындысы**

*( бас жүлде, I,II,III орындарға иеленгендер)*

1. 2020 жылы Түркістан облысы, Төле би ауданы Түркістан көпсалалы колледжінде өткен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен құндылық бағыттарын талқылауға арналған пікір сайыс облыстық турниріне колледжден студенті Оразақұл Шерхан I орынмен марапатталды.
2. 2020 жылы Пенчак силаттан жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионатында 17-35 жас аралығында 95 + келі салмақ дәрежесінде Ізімбай Абдурахман II орынмен марапатталды.
3. 2021 жылы Түркістан облысының чемпионатынан «Қазақша күрестен» 100 кг салмақта Аханов Ерболат II орынды, Байыр Омар 74 кг салмақта II орын иеленді.
4. Республикалық ҚМДБ – ның ұйымдастыруымен "Отаным деп соғады жүрегім атты" шығарма байқауында жүлделі орыннан көрінген Демеуов Махамбет Әуелбекұлы "Сарыағаш медресе колледжінің 3 курс студентіне жүлделі орын иеленді.
5. «Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы» мерей тойына арналған белбеу күресінен 2001-2003 ж.т. (ұлдар,қыздар) арасындағы Түркістан облысының чемпионатында 90 салмақ дәрежесінде I-орын алған студенті Оңғарбай Жеңісбек марапатталды.
6. «Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы» мерей тойына арналған белбеу күресінен 2001-2003 ж.т. (ұлдар,қыздар) арасындағы Түркістан облысының чемпионатында 75 салмақ дәрежесінде III-орын алған студенті Қадыр Айбек марапатталды.
7. «Алаш өнер ордасы» ұйымдастырылуы мен өткізілген, “Халықаралық Махамбет, Абай және Мұқағали оқуларына” қатысып асқан дарынмен көзге түскені үшін Қасымов Нұрбол марапатталады. Және ОФЛАЙН Халықаралық өнер байқауына 40% жеңілдік жолдамасына ие болды.

### **2020- 2021 ТжКББҰ оқушылары арасындағы оздырылған колледжішілік облыстық, республикалық және халықаралық байқаулардың қорытындысы**

*( бас жүлде, I,II,III орындарға иеленгендер)*

Колледжішілік «Мамандық бойынша үздік» байқауына

1. 2021 жылы қаңтар ойында Республикалық Құран жарысы өтіп, 30 пара номинациясы бойынша бірінші орынды «Сарыағаш» медресе-колледжінің шәкірті Орынкүл Нұрдәулетқызы жеңіп алды.
2. 2021 жылы қаңтар ойында Республикалық Құран жарысы өтіп, 30 пара номинациясы бойынша үшінші орынды Бауыржан Жәннатгүл алды.
3. 2021 жылы қаңтар ойында Республикалық Құран жарысы өтіп, 29-30 пара номинациясы бойынша үшінші орынға Фарида Хадыршаева алды.
4. 2021 жылы қаңтар ойында Республикалық Құран жарысы өтіп, Құран Кәрімді мәнерлеп оқу бойынша екінші орынды – Абдукаримова Фатимабану алды.

### **2021-2022 оқу жылында тағылымдамадан өткен педагогтар: ЖОҚ**

**2021-2022 оқу жылдарындағы ТжКББҰ педагог кадрлар арасында өткен халықаралық, республикалық, облыстық конференциялар мен семинарларға қатысқан педагогтар туралы мәлімет:**

1. Оқу жылының II-ші жарты жылдығында колледжіміз ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық семинарда, арнайы пән оқытушыларының 21-22 сәуір 2022 ж уақытта жасаған әдістемелік нұсқаулығы үшін Н.Сманова, А.Бөкен, Л.Жунисова, Ф.Рамет қатысып, сертификат иеленді.
2. Назарбаев Университеті ж/е Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Оқушылар сарайы» біліктілік арттыру бағытында ұйымдастырылған «Цифрлық сауаттылық: білім берудегі интеграция» атты 72 сағат көлеміндегі әдістемелік семинар тренингке Г.Аюпова, Ф.Аюпова, Д.Ерматова, Г.Байтемирова, Р. Мейрбекова, С.Мырзағалиева қатысып, сертификат иеленді.

3. 11.04-07.05.2022ж күндер аралығында Нұр-Мүбәрак университетімен әріптестік аясында «Арабтану» ғылыми-зерттеу орталығында «Аударма ж/е ғылыми-зерттеу жұмыстарын игеру әдістері» атты тәжірибелік курсынан өткендігі үшін Н.Сманова ұстазға Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ Шығыстану факультетінің деканы К.Шоқайға атынан сертификат берілді.
4. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты «Білім беру ұйымдарының тұтас педагогикалық үдерісінде жағымды ортаны қалыптастыру» атты Республикалық семинарға президенті Е.Сакеновадан қатысқаны үшін Н.Торбековқа Сертификат берілді.

#### **2021-2022 оқу жылындағы оқытушылар мен оқушылардың**

##### **Бұқаралық ақпарат басылымдары:**

1. 2021 жылғы Желтоқсан айындағы «Сарыағаш» газетіне «Исламдағы зекет және оның хикметі» және «Тәуелсіз елдің ұстазы» тақырыбында Ф.Аюпованың мақалалары жарияланғанын растайды.
2. 2021 жылғы Желтоқсан айындағы «Сарыағаш» газетіне «Діни экстремизмнің жастар санасына әсері» тақырыбында Н.Сманованың мақаласы жарияланғанын растайды.
3. 2021 жылғы Желтоқсан айындағы «Сарыағаш» газетіне «Білім мен тәрбие-егіз ұғым» тақырыбында Б.Сманова мақаласы жарияланғанын растайды.
4. Қараша айындағы «Сарыағаш» газетіне «Әз-Мәуліт құтты мереке» тақырыбында Р.Мейрбекованың мақаласы жарияланғанын растайды.
5. 2021 жылғы Mega Білім журналының №11 санында «Тәуелсіз елдің ұстазы» тақырыбында жарияланған шығармашылық еңбегі (ғылыми мақала, ҚМЖ) үшін редакциялық алқа төрайымы –Г.Қасымованың атынан Н.Торбеков оқытушымыз сертификатталды.

#### **2021-2022 оқу жылындағы ұжымның оқу-әдістемелік жетістіктері:**

##### **- ТжКББҰ инженер-педагог кадрлар арасындағы оздырылған облыстық және республикалық байқаулардың қорытындысы**

*(бас жүлде, I,II,III орындарға иеленгендер)*

1. «Тәуелсіз елдің ұстазы – 2021» республикалық байқауына белсене қатысып, ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін ҚР педагогтар Қоғамы төрағасының м.а А.Тағатұлының ұсынуымен Н.Торбековқа «Үздік – педагог» төс белгісімен марапатталды.
2. «Тәуелсіз елдің ұстазы – 2021» республикалық байқауына белсене қатысып, ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін ҚР педагогтар Қоғамы төрағасының м.а А.Тағатұлының ұсынуымен Т.Қалмұратовқа «Үздік – жас педагог» наминациясымен марапатталды.
3. «Тәуелсіз елдің ұстазы – 2021» республикалық байқауына белсене қатысып, ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін ҚР педагогтар Қоғамы төрағасының м.а А.Тағатұлының ұсынуымен «Жыл үздіктері - 2022» республикалық байқауына белсене қатысқаны үшін Н.Сманова, Ф.Аюпова, Д.Ерматова ұстаздарымыз «Білім беру ісіне қосқан үлесі үшін» наминациясымен марапатталды.
4. «Тәуелсіз елдің ұстазы – 2021» республикалық байқауына белсене қатысып, ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін ҚР педагогтар Қоғамы төрағасының м.а А.Тағатұлының ұсынуымен Идияева Балзия «Үздік – жас педагог» наминациясымен марапатталды.
5. Республикалық «Мәртебелі ұстаз -2022» байқауына қатысып III-дәрежелі дипломға ие болғаны үшін Ф.Аюпова оқытушымыз марапатталды.
6. Республикалық «Мәртебелі ұстаз -2022» байқауына қатысып III-дәрежелі дипломға ие болғаны үшін Д.Ерматова оқытушымыз марапатталды.
7. X Республикалық «Құран Кәрімді жатқа және мәнерлеп оқудан» байқауының I-орын иегері Сейтқанов Қуаныш оқытушымыз марапатталды.
8. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында өткен «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРІ» атты республикалық байқауына қатысқаны үшін Қалмұратов Темурға «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми–зерттеу орталығының директоры атынан Дипломмен марапатталды.
9. ҚР ҚМДБ Алматы қаласы өкілдігі «Әдемі әуезді Азаншы» V республикалық азаншылар жарысынан Сарыағаш медресе колледжінің ұстазы, медресе жанындағы “Әбішұлы Сатыбалды” мешітінің азаншысы Сейтқанов Қуаныш I-орын алды.

10. Алаш өнер орталығының халықаралық «ALASH STAR» өнер байқауында дарыны ерекше атануына себепші болғаны үшін «Құрмет грамотасын» Н.Нашуранға берілгенін растайды.
11. Медресе колледждердің студенттері арасында IV Республикалық Араб тілі және Фикһ пәндері олимпиядасының жеңімпаздарын дайындауға үлес қосқаны үшін ҚМДБ-ң Діни білім және кадр дайындау бөлімінің меңгерушісі Ж.Жакиповқа Алғыс хат білдіреді.
12. 17.11.2021ж күні КИО.KZ – Қазақстандық интеллектуалды сайтының ұйымдастыруымен, педагогтардың білімін арттыру мақсатында өткен Республикалық интеллектуалды «Үздік педагог» олимпиядасында Г.Құттымұратова сертификатқа иеленді.
13. 17.11.2021ж күні КИО.KZ – Қазақстандық интеллектуалды сайтының ұйымдастыруымен, педагогтардың білімін арттыру мақсатында өткен Республикалық интеллектуалды «Үздік педагог» олимпиядасында Ф.Аюпованы жүлделі 3 орын дипломымен марапатталды.
14. 2022 жылы 24 ақпан күні Сарыағаш қаласы «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» спорт кешенінде «2022 жылы балалар жылы, ТМД халық шығармашылығы және мәдени мұра» тақырыбы аясында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мұғалімдері арасында волейболдан өткен Сарыағаш ауданының ашық біріншілігінде «Сарыағаш медресе» колледжі Ұстаздары жүлделі I-орынды иеленді.

#### **2021-2022 оқу жылында іс тәжірибені тарату туралы мәлімет:**

1. 2022 жылы Республикалық «Мәртебелі ұстаз -2022» байқауына қатысып, Мәртебелі журналына материал жариялағаны үшін Ф.Аюпова оқытушылар сертификатпен марапатталды.
2. 2022 жылы Республикалық «Мәртебелі ұстаз -2022» байқауына қатысып, Мәртебелі журналына материал жариялағаны үшін Б.Идияева оқытушылар сертификатпен марапатталды.
3. 2022 жылы Республикалық «Мәртебелі ұстаз -2022» байқауына қатысып, Мәртебелі журналына материал жариялағаны үшін Г.Аюпова оқытушылар сертификатпен марапатталды.
4. 2022 жылы Республикалық «Мәртебелі ұстаз -2022» байқауына қатысып, Мәртебелі журналына материал жариялағаны үшін Г.Байтемирова оқытушылар сертификатпен марапатталды.
5. 2022 жылы Республикалық «Мәртебелі ұстаз -2022» байқауына қатысып, Мәртебелі журналына материал жариялағаны үшін Д.Ерматова оқытушылар сертификатпен марапатталды.
6. 2022 жылы Республикалық «Мәртебелі ұстаз -2022» байқауына қатысып, Мәртебелі журналына материал жариялағаны үшін С.Мырзағалиева оқытушылар сертификатпен марапатталды.

#### **2021-2022 оқу жылында ISBN баспасынан шығарылған оқу құралдары жоқ.**

#### **- 2021-2022 оқу жылындағы ТжКББҰ оқушылары арасындағы оздырылған облыстық, республикалық және халықаралық байқаулардың қорытындысы**

*(бас жүлде, I,II,III орындарға иеленгендер)*

1. Қазақстан республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 10.11.2021 Нұр-Сұлтан қаласында “Астана” медресесінде II республикалық медресеаралық құран кәрім жарысынан 4-курс студенті Бейсенәлиев Абдуали 2-орын сертификатымен марапатталды.
2. Нұр-Сұлтан қаласында өткен Алаш өнер орталығының халықаралық «ALASH STAR» өнер байқауында дарыны ерекше 4-курс студенті Қасымов Нұрбол 1-орын сертификатымен марапатталды.
3. 2021 жылғы Ақтөбе обл Ақтөтбе қаласы Ақтөбе медресе колледжі ұйымдастырған «Фикһ және Араб тілі» пәндері бойынша IV-Республикалық олимпияда сайысында Рахметуллин Темірлан 1-орын сертификатымен марапатталды.
4. 2021 жылғы Ақтөбе обл Ақтөтбе қаласы Ақтөбе медресе колледжі ұйымдастырған «Фикһ және Араб тілі» пәндері бойынша IV-Республикалық олимпияда сайысында Әбдіхалық Санат 2-орын сертификатымен марапатталды.
5. 2021 жылы Сарыағашта ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай спорттық жарыс түрлерінен «СТУДЕНТТІК ЛИГА» өткізіліп, Мадимар Мұхаммеджан кір тасын көтеруден 1-орын сертификатымен марапатталды.

6. 11.12.2021ж күні Нұр-Сұлтан қаласындағы “Астана” медресесінде Құран Кәрімді жатқа және мәнерлеп оқудан медресеаралық сайыстан 5 пара номинациясы бойынша Абдуали Бейсенәлиев 1-орынды иеленді.

**2020- 2021 ТжКББҰ оқушылары арасындағы оздырылған колледжішілік облыстық, республикалық және халықаралық байқаулардың қорытындысы**

*( бас жүлде, I,II,III орындарға иеленгендер)*

1. 09.06.2022 ж. күні тігін үйірмесіне қатысатын колледжіміздің студенттеріне ұйымдастырылған “Өнерлінің қолы алтын” тақырыбы аясында, Дусанова Раушан ұстаздың жетекшілігімен тігін сайысы болып, 1-орынмен Султанмуратова Гүлмира марапатталды.
2. 09.06.2022 ж. күні тігін үйірмесіне қатысатын колледжіміздің студенттеріне ұйымдастырылған “Өнерлінің қолы алтын” тақырыбы аясында, Дусанова Раушан ұстаздың жетекшілігімен тігін сайысы болып, 2-орын Болатова Әсем марапатталды.
3. 09.06.2022 ж. күні тігін үйірмесіне қатысатын колледжіміздің студенттеріне ұйымдастырылған “Өнерлінің қолы алтын” тақырыбы аясында, Дусанова Раушан ұстаздың жетекшілігімен тігін сайысы болып, 3-орын Мәжиева Айым марапатталды.
4. Сарыағаш медресе колледжінің студенттері қыздар арасында шетел тілі(ағылшын) пәнінен "The limits of my language mean the limits of my world", тақырыбында интеллектуалды спикелер сайысы болып өтті. Сайыстан 1-ші орынмен Оңал Хадиша марапатталды.
5. 28.05.2022ж Сарыағаш медресе колледжі студенттерінің ұлдар арасында да «Имам Науауидің таңдаулы 40 хадисін» жатқа оқу бойынша сайыс болып өтті.  
1 орын Ысқақ Рамазан  
2 орын Жұмахмет Мұхамедәмин  
3 орын Әбдіхалық Санатқа нәсіп етті.
6. 27.05.2022ж Сарыағаш медресе колледжі студенттерінің қыздар арасында «Имам Науауидің таңдаулы 40 хадисін» жатқа оқу бойынша сайыс болып өтті.  
1 орын Тұрсынбай Әмина  
2 орын Иззатиллаева Мадина  
3 орын Советбай Амира нәсіп етті.
7. 20.05.2022 ж.Сарыағаш медресе колледжі студенттерінің ұлдар арасында да құранның V,III,I парасын жатқа оқу бойынша сайыс болып өтті.  
II-парадан  
3- ші орын Усманов Абдувохид  
2-ші орын Мусирманов Хамидулло  
1-ші орын Шоңай Иманғали  
III-парадан  
3-ші орын Курбаналиев Фазлиддин  
2-ші орын Султонов Искандер  
1-ші орын Сейткарим Абдужаббар  
V- парадан  
3-ші орын Идрисов Дархан  
2-ші орын Абад Ердос  
1-ші орын Усманов Махмудқа нәсіп етті.

## **5. ОҚУ ЖҰМЫСЫ.**

2022 - 2023 оқу жылында оқу үрдісін ұйымдастыру бағытында құрастырылған оқу жұмыс жоспарлары академиялық дербестікті енгізу техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 23 шілдедегі №362 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына

енгізілген өзгерістер) (бұдан әрі - МЖМБС) сәйкес жүзеге асырылды. Білім беру бағдарламаларына мынадай базалық модульдерді енгізілді:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;

Кәсіптік модульдердің тізбесі мен мазмұнын кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген «Talar» КЕАҚ сайтында берілген мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын пайдаланылды, кейіннен ол оқу жоспарлары мен бағдарламалары Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің 15.09.2021 № 469 өзгерістерімен) бекітілді.

Міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып, модульдер және/немесе пәндер көлемі айқындалды. Әрбір модульдің жалпы көлемі кредиттердің бүтін санын құрайды.

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі ТЖКОББ кредиттерімен өлшенеді. ТЖКОББ кредитінің түрі біліктіліктегі оқу нәтижелерінің жалпы салмағының және біліктілікке қатысты оқу нәтижелерінің нақты салмағының сандық көрінісі ретінде түсіндіріледі.

Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемі оқу жылына 60 кредит/1440 сағатты құрайды.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

«Жалпы білім беру пәндері» модулі бойынша сағаттардың жалпы саны 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды. Жалпы білім беру пәндері 1-2 курстарда оқытылады.

Жұмыс оқу жоспарлары 2021 жылғы 23 шілдедегі №362 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына енгізілген өзгерістерінің 1, 2-қосымшаларына сәйкес ТЖКБ оқу жоспарының моделі негізінде әзірленеді.

2021 - 2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары төмендегі үлгілік оқу бағдарламаларын негізге алып жасақталған:

1. 0220100 – «Исламтану» мамандығы, 4S0220103 - Имам хатиб біліктілігі - «Talar» КЕАҚ білім беру бағдарламасы бойынша;
2. 0220100 – «Исламтану» мамандығы, 4S0220104 - Ұстаз біліктілігі - «Talar» КЕАҚ білім беру бағдарламасы бойынша;

Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1-қосымшасына сәйкес факультативтік сабақтар аптасына 4 сағаттан аспайтын, консультациялар жылына 100 сағаттан аспайтын көлемде жоспарланған.

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жұмыс оқу бағдарламаларын колледж оқытушылары жасап, әдістемелік кеңес отырысында қаралып және мақұлданып, директормен бекітілді.

Сабақ кестесі стандартта белгіленген талаптарға сәйкес құрылып, оқу жылының әр жартыжылдығына колледж директорымен бекітілді. Сабақ кестесі колледж жұмысын реттейді, онда сабақтың өткізілетін күні мен сабақтардың реттілігі, пәндердің атауы, оқытушының аты-жөні, өткізілетін кабинеті, топ нөмірі, мамандығы, көрсетілген. Сабақ кестесі тұрақты түрде пайдаланылады, қажет болған жағдайда өзгерістер жасалынып, ол сабақ алмастыру журналына жазылады. Сабақ 90 минуттан жұпталған түрінде өтеді. Апталық оқу жүктемесі 36 сағаттан аспайды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қосымша сабақтардың және тәрбие сағаттарының өткізілуін қадағалайды. Теориялық, өндірістік оқыту мен факультатив журналдарын директордың оқу ісі мен оқу-өндіріс ісі жөніндегі орынбасарлары қадағалайды.

Топты кіші топтарға бөлуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 23 шілдедегі №362 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына

енгізілген өзгерістеріне сәйкес жалпы білім беретін орыс тілінде оқытылатын топтарда **қазақ тілі мен әдебиеті, шетел тілі, информатика** (информатика пәнінің зертханалық сабақтары бөлінеді) және **дене шынықтыру** пәндері білім алушылар саны 24 және одан артық болған жағдайда кіші топтарға бөлінеді. 2021-2022 оқу жылына дейін 25 оқушыдан құралған топ болмауына байланысты кіші топқа бөлу жоспарланбаған.

Теориялық сабақтар журналдары және басқа оқу құжаттары талапқа сай толтырылып, тігіліп, мөрленіп, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бақылауға алынды. Ай сайын оқылған сағаттар салыстырылып тексеріледі және әр оқытушы ай соңында орындалған сағаттары жөнінде ведомость толтырады. Ведомостьтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығына сәйкес рәсімделген.

Оқу құжаттамасының тізімі колледж ісінің номенклатурасымен анықталған. Кабинет жоспарлары, емтихан билеттері, бақылау жұмыстары, бақылау кестесі, мемлекеттік емтихан материалдары, пәндер бағдарламалары оқу бөлімінде сақталған. Ауыстырылған сабақтар журналы бар. Оқу жүктемесі оқытушылардың білімі мен біліктілігіне сай, теориялық оқыту мен оқу өндірістік сабақ алмастырулары бірқалыпты сақталынып бөлінді. Сонымен қатар оқу кабинеттері мен оқытушылардың жұмыс уақытын тиімді пайдалану жағы қарастырылған.

Колледжде оқу жүктемесі педагогикалық кеңес бекіткен оқу түрлері бойынша уақыт нормасы бойынша есептеледі. Колледж оқытушылары құрамының жылдық оқу жүктемесі 720 сағат көлемінде белгіленеді. Оқу жүктемесінің құрылымы мен көлемі оқытушылардың базалық кәсіби білімі мен біліктілігіне қарай бөлінген.

2022-2023 оқу жылында штаттағы оқытушының орташа жылдық жүктемесі 305 сағаттан 1027 сағатты құрайды. 1,43 жүктемемен жұмыс жасайтын -1, 1,25 жүктемемен жұмыс жасайтын -6, толық оқу жүктемесімен жұмыс жасайтын оқытушылар саны -3, 0,75 жүктемемен жұмыс жасайтындар -6, толық емес оқу жүктемесімен жұмыс жасайтын оқытушылар саны -14, бір штаттық лауазымда жасай отырып қосымша 0,25 оқу жүктемесімен жұмыс жасайтын оқытушылар саны -8.

### **Білім алушылардың білім сапасын бағалау**

Білім алушылардың үлгерім мониторингі - оқу сапасын анықтаудың басты объектісі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

удың балдық-рейтингтік әріптік жүйесін енгізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (ҚР БҒМ 28.08.2020 ж. №373 бұйрығына сәйкес өзгерістермен) сәйкес жүргізіледі.

Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау - оқу курсы аяқтау кезінде біліктілік, практикалық және теориялық емтихандар тапсыру.

Ағымдағы бақылау тақырыпты оқып-үйрену аяқталғаннан кейін жазбаша түрде өткізіледі (тестілеу, техникалық диктант, бақылау жұмысы, жазба жұмыстары т.б.)

Оқытушылар оқу жоспарына сәйкес ағымдағы сабақтарда академиялық кезең ішінде өткізетін білім алушылардың білімін жүйелі түрде тексеру мақсатында **бағалау парағын** толтырып, **оқыту нәтижесін** көрсетіп, әрбір пән бойынша ведомость толтырып, **100 балдық жүйемен** бағалап отырады. (31.08.2020-ғы № 5-13-4/3200-И шығыс хаты, 2020-2021 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдарында көрсетілген, халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес **100 балдық шкала бойынша** (оң бағалар кемуіне қарай, «А»-дан «D»-ге дейін, «қанағаттанарлықсыз»-«F») 4 балдық шкала бойынша тиісті сандық эквивалентпен жүргізіледі)

Аралық бақылау тексеру жұмыстарын өткізу оқу курсы аяқталған соң, арнаулы бұйрықпен өткізіліп, нәтижесі бойынша хаттама толтырылады. Барлық пәндер бойынша аралық аттестаттаудың өткізілуі қаралады, негізгі өткізу формасы бақылау жұмысы, тестілеу, сынақ, емтихан болып табылады. Бақылау жұмысы аталған сала бойынша оқытуға бекітілген уақытта, емтихандар аралық бақылауға бекітілген уақытта өткізіледі. Емтихан материалдары, өткізу кестесі, бұйрықтар, емтихан ведомостері т.б. қажетті материалдар жинақталып, оқу бөлімінде сақталады.



Өндірістік оқытудан әр семестр соңында қорытынды тексеру жұмыстары жүргізіледі

2019 – 2020 оқу жылының жылдық қорытынды бойынша үлгерім қорытындысы

Топ №	Мамандығы	Біліктілігі	Оқушы саны	Білім сапасы, %
1	0220100 – «Исламтану»	4S0220103 - Имам хатиб	399	74,2
2	0220100 – «Исламтану»	4S0220104 - Ұстаз	495	69,2
	<b>Барлығы</b>		<b>894</b>	<b>71,7%</b>

2020 – 2021 оқу жылының жылдық қорытынды бойынша үлгерім қорытындысы

Топ №	Мамандығы	Біліктілігі	Оқушы саны	Білім сапасы, %
1	0220100 – «Исламтану»	4S0220103 - Имам хатиб	436	61,2
2	0220100 – «Исламтану»	4S0220104 - Ұстаз	430	62,4
	<b>Барлығы</b>		<b>866</b>	<b>61,8%</b>

2021 – 2022 оқу жылының жылдық қорытынды бойынша үлгерім қорытындысы

Топ №	Мамандығы	Біліктілігі	Оқушы саны	Білім сапасы, %
1	0220100 – «Исламтану»	4S0220103 - Имам хатиб	426	61,2
2	0220100 – «Исламтану»	4S0220104 - Ұстаз	550	66,4
	<b>Барлығы</b>		<b>976</b>	<b>63,8%</b>

- «Исламтану» мамандығы, «Имам хатиб» біліктілігі бойынша 2019 -2020 оқу жылында 399 оқушы оқып, 74,2% білім сапасын көрсетті. 2020-2021 оқу жылында 436 оқушы оқып, 61,2% білім сапасын көрсетсе, 2021-2022 оқу жылында 426 оқушы оқып, 61,2% білім сапасын көрсетті.
- «Исламтану» мамандығы, «Ұстаз» біліктілігі бойынша 2019 -2020 оқу жылында 495 оқушы оқып, 69,2% білім сапасын көрсетті. 2020-2021 оқу жылында 430 оқушы оқып, 62,4% білім сапасын көрсетсе, 2021-2022 оқу жылында 550 оқушы оқып, 66,4% білім сапасын көрсетті.

Колледж оқушылары 2019-2020 оқу жылы қорытындысымен 71,7%, 2020-2021 оқу жылы қорытындысымен 61,8%, 2021-2022 оқу жылы қорытындысымен 63,8% білім сапасын көрсетіп келеді. Бұл көрсеткіш оқушылардың білім сапасының өсіп келе жатқандығын, **соңғы 3 жылда білім сапасы 29 пайызға өскендігін көрсетеді.**

Мемлекеттік бітіру емтихандары мен жазбаша емтихан жұмыстары, кеңес беру, мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын қорғау кестеге сәйкес өткізіледі. Бітіруші түлектер бітіру емтихандары мен біліктілік бойынша емтихан жұмыстарын қорғауға өндірістік практика өткен орындарынан практика өту бойынша мінездемесі болғанда ғана жіберіледі. Колледж бойынша студенттердің емтиханға жіберілуі туралы бұйрық шығарылады. Жазбаша диплом жұмыстарын қорғауға әр студентке жеке тапсырма беріледі. Мемлекеттік кешенді емтиханды тапсыру мен біліктілік берілген қорытынды аттестаттау комиссиясының хаттамасының түрі, диплом беру кітабының толтырылуы ҚР БҒМ 2007ж. 23қазанда №502 бұйрығының (06.04.2020ж. № 130 бұйрығы) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

**2019-2020 оқу жылындағы кәсіптік білімнің деңгейін бағалау және қорытынды аттестаттаудың қорытындылары**

2020 жылы КБДБ 9 топ тапсырды:

112-9-61-топ («Имам хатиб») 24 студент, қатысқандар саны 24 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

112-9-62-топ («Имам хатиб») 24 студент, қатысқандар саны 24 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

112-9-63-топ («Имам хатиб») 25 студент, қатысқандар саны 25 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

13-461-топ («Имам хатиб») 25 студент, қатысқандар саны 25 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

13-11-71-топ («Имам хатиб») 23 студент, қатысқандар саны 23 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

13-11-72-топ («Имам хатиб») 25 студент, қатысқандар саны 25 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

112-9-61к («Ұстаз») 28 студент, қатысқандар саны 28 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

112-9-62к («Ұстаз») 22 студент, қатысқандар саны 22 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

112-9-63к («Ұстаз») 24 студент, қатысқандар саны 24 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

4S0220103 - Имам хатиб біліктілігі бойынша 2020 жылы 146 адам оқуын аяқтады. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 Бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау 2018 жылдың 27 маусымында өткізіліп, кәсіпкерлер тарапынан комиссия құрамы қатысты. Аттестаттауға барлық білім алушылар толықтай қатысып, келесі көрсеткішке ие болды: «5» бағаланғандар 63, «4» бағасына 53 адам, «3» бағасын 30 адам. Тапсыра алмағандар 3. Сәйкесінше 146 түлекке 4S0220103 - Имам хатиб біліктілігі берілді.

4S0220104 - Ұстаз біліктілігі бойынша 2020 жылы 74 адам оқуын аяқтады. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 Бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау 2018 жылдың 27 маусымында өткізіліп, кәсіпкерлер тарапынан комиссия құрамы қатысты. Аттестаттауға барлық білім алушылар толықтай қатысып, келесі көрсеткішке ие болды: «5» бағаланғандар 48, «4» бағасына 20 адам, «3» бағасын 6 адам. Тапсыра алмағандар 2. Сәйкесінше 74 түлекке 4S0220104 - Ұстаз біліктілігі берілді.

Барлық аяқтаған білім алушылар 220 адам, оның 111 үздік, 73 жақсы, 36 орташа бағасын алды.

**2019-2020 оқу жылындағы студенттердің қорытынды аттестаттау нәтижелері**

№	Мамандығы, біліктілік атауы	Түлек тер саны	«5» бағасын алғандар	«4» бағасын алғандар	«3» бағасын алғандар	Тапсыра алмағандар	Білім сапасы
1	"Исламтану мамандығы, "Имам хатиб"біліктілігі	146	63	53	30	3	79
2	"Исламтану мамандығы, "Ұстаз"біліктілігі	74	48	20	6	2	91
	<b>Барлығы</b>	220	111	73	36	5	85

**2020-2021 оқу жылындағы кәсіптік білімнің деңгейін бағалау және қорытынды аттестаттаудың қорытындылары**

2021 жылы КБДБ 9 топ тапсырды:

13-9-71-топ («Имам хатиб») 21 студент, қатысқандар саны 21 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

13-9-72-топ («Имам хатиб») 22 студент, қатысқандар саны 22 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

13-9-73-топ («Имам хатиб») 22 студент, қатысқандар саны 22 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

13-11-81 («Имам хатиб») 25 студент, қатысқандар саны 25 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

23-11-81 («Ұстаз») 25 студент, қатысқандар саны 25 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

23-9-71 («Ұстаз») 23 студент, қатысқандар саны 23 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

23-9-72 («Ұстаз») 19 студент, қатысқандар саны 19 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

23-9-73 («Ұстаз») 26 студент, қатысқандар саны 26 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

112-9-61 («Ұстаз») 1 студент, қатысқандар саны 1 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

4S0220103 - Имам хатиб біліктілігі бойынша 2021 жылы 88 адам оқуын аяқтады. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 Бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау 2018 жылдың 27 маусымында өткізіліп, кәсіпкерлер тарапынан комиссия құрамы қатысты. Аттестаттауға барлық білім алушылар толықтай қатысып, келесі көрсеткішке ие болды: «5» бағаланғандар 29, «4» бағасына 25 адам, «3» бағасын 34 адам. Тапсыра алмағандар 2. Сәйкесінше 88 түлекке 4S0220103 - Имам хатиб біліктілігі берілді.

4S0220104 - Ұстаз біліктілігі бойынша 2021 жылы 93 адам оқуын аяқтады. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 Бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау 2018 жылдың 27 маусымында өткізіліп, кәсіпкерлер тарапынан комиссия құрамы қатысты. Аттестаттауға барлық білім алушылар толықтай қатысып, келесі көрсеткішке ие болды: «5» бағаланғандар 37, «4» бағасына 30 адам, «3» бағасын 26 адам. Тапсыра алмағандар 2. Сәйкесінше 93 түлекке 4S0220104 - Ұстаз біліктілігі берілді.

Барлық аяқтаған білім алушылар 181 адам, оның 66 үздік, 56 жақсы, 60 орташа бағасын алды.

**2020-2021 оқу жылындағы студенттердің қорытынды аттестаттау нәтижелері**

№	Мамандығы, біліктілік атауы	Түлектер саны	«5» бағасын алғандар	«4» бағасын алғандар	«3» бағасын алғандар	Тапсыра алмағандар	Білім сапасы
1	"Исламтану мамандығы, "Имам хатиб"біліктілігі	88	29	25	34	2	61
2	"Исламтану мамандығы, "Ұстаз"біліктілігі	93	37	30	26	2	72
	<b>Барлығы</b>	181	66	56	60	4	66

**2021-2022 оқу жылындағы кәсіптік білімнің деңгейін бағалау және қорытынды аттестаттаудың қорытындылары**

2022 жылы КБДБ 6 топ тапсырды:

13-9-81-топ («Имам хатиб») 27 студент, қатысқандар саны 27 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

13-11-91 («Имам хатиб») 24 студент, қатысқандар саны 24 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

13-11-92 («Имам хатиб») 25 студент, қатысқандар саны 25 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

23-9-81 («Ұстаз») 25 студент, қатысқандар саны 25 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

23-9-82 («Ұстаз») 22 студент, қатысқандар саны 22 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

23-9-83 («Ұстаз») 24 студент, қатысқандар саны 24 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

23-9-72 («Ұстаз») 1 студент, қатысқандар саны 1 адам, оның барлығы да шектеуден өтті. (100%).

4S0220103 - Имам хатиб біліктілігі бойынша 2022 жылы 74 адам оқуын аяқтады. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 Бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау 2018 жылдың 27 маусымында өткізіліп, кәсіпкерлер тарапынан комиссия құрамы қатысты. Аттестаттауға барлық білім алушылар толықтай қатысып, келесі көрсеткішке ие болды: «5» бағаланғандар 17, «4» бағасына 32 адам, «3» бағасын 25 адам. Тапсыра алмағандар жоқ. Сәйкесінше 74 түлекке 4S0220103 - Имам хатиб біліктілігі берілді.

4S0220104 - Ұстаз біліктілігі бойынша 2022 жылы 74 адам оқуын аяқтады. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 Бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау 2018 жылдың 27 маусымында өткізіліп, кәсіпкерлер тарапынан комиссия құрамы қатысты. Аттестаттауға барлық білім алушылар толықтай қатысып, келесі көрсеткішке ие болды: «5» бағаланғандар 27, «4» бағасына 27 адам, «3» бағасын 20 адам. Тапсыра алмағандар жоқ. Сәйкесінше 74 түлекке 4S0220104 - Ұстаз біліктілігі берілді.

Барлық аяқтаған білім алушылар 148 адам, оның 44 үздік, 59 жақсы, 45 орташа бағасын алды.

### 2021-2022 оқу жылындағы студенттердің қорытынды аттестаттау нәтижелері

№	Мамандығы, біліктілік атауы	Түлек тер саны	«5» бағасын алғандар	«4» бағасын алғандар	«3» бағасын алғандар	Тапсыра алмағандар	Білім сапасы
1	"Исламтану мамандығы, "Имам хатиб"біліктілігі	74	17	32	25	0	66
2	"Исламтану мамандығы, "Ұстаз"біліктілігі	74	27	27	20	0	73
	<b>Барлығы</b>	148	44	59	45	0	69

## 6.ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ

Сарыағаш медресе колледждің тәрбие жұмысы 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 15 сәуір 2019 жылғы № 145 «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағыты бойынша жұмыс жасап келеді.

- **Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.** Колледжде патриоттық, азаматтық, құқықтық тәрбиеге аса назар аударылады. Әр аптаның басы дүйсенбі күні ҚР Гимнін орындаумен басталады. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына. Колледжде Жастар ісі жөніндегі кеңес құрылып, жұмыс жоспарына сай тәрбиелік шаралар өткізілуде. Әр топ студенттері әр бір жылға арнап альбомдар әзірлеп, бейнефильмдер дайындалуда. Оқу орнында «Жас сарбаз» патриоттық клуб құрылып, клуб құрамына 20 студент қабылданды. Клуб жұмыс жоспары жасалып, Құқықтық тәрбие жұмыстары колледжішілік тәрбие жоспарына сәйкес жүргізіледі. Колледжде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында аудандық ІІ бөлімімен бірлескен әр оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, сол негізде жұмыс жүргізілуде.

- Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып, кеңес құрамына тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, колледж педагог-психологі, жатақхана меңгерушісі, колледж инспекторы және жастар ісі жөніндегі кеңес жетекшісі кіреді.

Кеңес отырысында колледждің ішкі тәртібін бұзған оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, құқықбұзушылық мәселелері қаралып отырылады. Құқық бұзушылықтың алдын алуға, жасөспірімнің жан-жақты дамуын қамтамасыз етуде кең ауқымды жұмыс жүргізілді. Өткізілген шаралар мен ата – аналар жиналысына колледж инспекторы шақырылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу, жетім және ата – аналарының қамқорынсыз қалған балалардың әлеуметтік жағдайларын тексеру және «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңының 12 бабының 3, 6 – тарауларына сай себепсіз сабақ қалдырған оқушыларды тексеру, қолайсыз отбасыларын анықтау мақсатында колледж инспекторы, педагог – психолог пен әлеуметтік педагогтің қатысуымен рейдтер ұйымдастырылды.

Оқужылы	Өткізілген отырыстар саны	Қарастырылған мәселелер саны
2020-2021	2	2
2021-2022	1	1
2022-2023	1	1

Топ жетекшілері отырыстарында, ата-аналар жиналыстарында, тәрбие сағаттарында құқықбұзушылық, зиянды әдеттер т.б. мәселелер талқыланып, іс-шаралар өткізіледі. Білім алушылардың тарапынан болған құқық бұзушылық фактілері әрбір оқу тобының жалпы жиналысында әкімшілік өкілдерінің қатысуымен қаралып, шешімдер қабылданып отырылады.

### **Рухани-танымдық.**

Әр аптаның жұма күндері жұма уағыз насихат болады және аптаның сәрсенбі күндері сарығаш медресе колледжінің директорының шәкірттерге арналған уағыз ұйымдастырылады

**Ұлттық тәрбие** Қазақстан Республикасында Наурыз мейрамын тойлау туралы наурыз айының 14-23 аралығында тақырыпқа сай іс-шаралар өткізілді. 14 наурыз "Көрісу күні" – үлкендерге сәлем беріп, батасын алып, ұлттық тағамдардан дәм татқызу мақсатында бауырсақ, наурыз көже дайындалды. Күні бойы музыкалық сәлемдеме жолданды. Көрісу күні мерекесінің шығу тарихы туралы мәлімет беріліп «Сәлем сөздің атасы» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізілді. 15 наурыз «Жайлау күні» колледж қызметкерлері оқу орны алдында қар тазалап, колледж ішінде гүл отырғызылды. 16 наурыз «Шежіре күні» оқу орнында көп жылдар еңбек еткен зейнеткерлермен кездесу өтіп, әңгіме – сұхбат жүргізілді. 17 наурыз «Тарихқа тағзым күні» кітапханада Алаш қайраткерлері туралы бұрыш жасалып, студенттерге бейнеэкскурсия ұйымдастырылды. 18 наурыз «Игі істер күні» колледж еріктілері ауыл қарияларының үйлеріне барып, қар күреп көмек көрсетті. 19 наурыз «Шымырлық пен шеберлік күні» ұлттық ойындар жарысы оздырылды. Жарысқа колледж қызметкерлері қатысса, студенттер спортпен айналысу сәттерінен бейнефильмдер жолдады. 20 наурыз «Зияткерлік күні» Батырлар жырынан үзінді оқу байқауы (қашықтықтан) оздырылды. 21 наурыз "Ұлттық тағамдар күні" халқымыздың ұлттық тағамдары туралы презентация дайындалды. 22 наурыз "Ұлыстың ұлы күні" Наурыз мерекесі туралы 1 минуттық бейнеролик дайындалды. 23 наурыз «Жоралғы күні" салт –дәстүрлердің шығу тарихына тоқтала отырып, әрқайсысына түсініктеме беру (қашықтықтан)жұмыстары оздырылды.

- **Отбасылық тәрбие.** Отбасы қатынасы мәдениетін қалыптастыруда ата-аналармен жұмыс жоспары жасалып, жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Жалпы ата-аналар

жиналыстарында «Бірге тәрбиелейік», «Жасөспірім және ата-ана арасындағы қарым қатынас» тақырыбында баяндамалар талқыланып, студенттерге көрсетілетін әлеуметтік көмек туралы ҚР үкіметінің №320 қаулысы туралы толық түсінік жұмыстары жүргізіледі. Отбасында дау-дамайсыз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға орай әңгіме жалпы колледж базасындағы шекірттерге жасалған толықтай жағдайлар көрсетіліп ұйымдастырылды. Әр топтың әлеуметтік паспорты жинақталды. Отбасы күні мерекесіне орай «Менің отбасым» тақырыбында бір минуттық бейнефильмдер, фотоколлаждар жасалып, оқу орны сайтына орналастырылды. Ата-аналардың діни, құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында колледж басшысы және теолог маман, Пб қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылып тұрады.

- **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.** Студенттер өндіріс оқыту шеберлерімен бірлесіп, ауыл мешіттеріне кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізеді. Ашық есік күндері өтеді. Білім алушыларды болашақ мамандықтарына қызығушылықтарын арттыру мақсатында колледж базасында мамандықтар бойынша жарыстар өтіп тұрады.

- **Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.** Жоспарға сай ұлдар, қыздар жиналыстары ұйымдастырылып, киім кию мәдениеті, гигиеналық тазалық туралы әңгіме-сұхбат жүргізіледі. «Әдемі киіне білесің бе», жатақхана тұрғындарына өз жатып тұру, ас дайындау көмектесіу туралы кеңестер беріліп отырады.

- **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.** Колледжде Жастар ісі жөніндегі кеңес жұмыс жасайды. Кеңес мүшелігіне әр топтан белсенділер сайланып, жалпы қолдау нәтижесінде кеңес. Кеңесті жетекшілік ететін АӘД пәні оқытушысы. Жылдық құрған жоспарлары негізінде мерекелік шараларды өткізіп, қоғамдық жұмыстарға қатысып, акциялар өткізіп оқытушыларға көмектеседі.

- **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.** Қыркүйек айында жыл сайын «Денсаулық күні» ұйымдастырылды. Бұл орайда барлық топтар спорттық шараға қатысып, флешмоб ұйымдастырды. Жүлделі орын алған топтар барлық номинация бойынша алғыс хаттармен марапатталды. Дойбы, шахмат, үстел теннисі сияқты ойындардан жоспар бойынша жарыстар өткізілді. Нашақорлық, зиянды әдеттерден аулақ болу тақырыбында тәрбие сағаттар мен әңгімелесулер өтті. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында облыстық, аудандық орталық мамандарымен, дәрігер наркологтарымен, СПИД орталығының мамандарымен бірлесе отырып, іс-шаралар өткізілді. Мұндай іс-шараларға топ кураторлары, топ студенттері белсене араласып, пікірталас, дөңгелек үстел, семинарлар өткізілді.

Оқу үдерісінде дене тәрбиесі және спорттық сауықтыру жұмыстарының жоспары мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жүргізіледі. Тақырыптық және сабақ жоспарлары нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес құрылған.

Дене тәрбиесі оқу пәні ретінде барлық мамандықтар үшін міндетті, ол кәсіби дене даярлығын қамтамасыз етеді, салауатты өмір салтымен саналы түрде жүру қажеттілігін тәрбиелеу жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру құралдарының бірі, денсаулықты нығайтудың факторы, кәсіби даярлық барысында оқушылардың дене және психикалық жағдайын қалыптастырады. Сондықтан, колледжде дене тәрбиесінің әдістемелік жұмысты оқушылардың білім жүйесін меңгеріп, дене қабілетін жетілдіру мен денсаулығын нығайта түсуді қамтамасыз ететін практикалық біліктіліктер мен дағдыларға, жоғары кәсіби шығармашылықты белсенділікке дайындауды көздейді. Спорт саласынан колледж студенттері аудандық, облыстық жарыстардың жеңімпаздары атанған.

Оқу жылы басында колледжде 1 курстар арасында спартакиада, жеңіл атлетика, кросс, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ сияқты шаралар жоспарға сай өткізіледі. Студенттер облыстық, аудандық көлемінде студенттер турнирлерге, чемпионаттарға, өткізілген шараларға қатысып тұрады.

Жыл сайын оқытушылар мен студенттер облыстық спартакиадаға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

**Әлеуметтік педагог** өз жұмысын жыл басында жетім немесе ата-анасының қамқорынсыз қалған балалардың жағдайын зерттеп, құжаттарын түгендеу жұмыстарымен бастады. Жалпы колледж оқушыларының әлеуметтік картасын жасақтап, әрқайсысын әлеуметтік топтарға бөледі.

Қазақстан Республикасының 12 наурыз 2012 жылғы №320 қаулысына сай барлық жетім немесе ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға күніне үш мезгіл тамақ, қажет ететіндеріне жатақханадан орын, киіммен (немесе есеп шотына киімге ақша аудару) қамтамасыз етіледі. Колледжде жұмысшы мамандығы бойынша білім алатын студенттердің барлығы Қазақстан

Республикасының 12 наурыз 2012 жылғы №320 қаулысына енгізілген 13 маусым 2018 жылғы №342 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сай бір мезгілгі түскі ас пен қамтамасыз етіледі.

**Әр оқу жылында қабылданған жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар**

Оқу жылы	Жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны
2020-2021 оқу жылы	6
2021-2022 оқу жылы	3
2022-2023 оқу жылы	

Колледжде **ата - аналар кеңесінің** жұмыс жоспары құрылып, сол негізде кеңес мүшелері бекітілген. Жиналыс хаттамалары тігіліп, мөрленген.

Студенттер арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында ата-аналардың сауаттылығын арттыруда аудандық ІІ бөлімінен, ішкі саясат қызметкерлерімен кездесулер, семинар-тренингтер өткізіліп тұрады. Топ жетекшілерінің жылдық жоспарына сәйкес ата - аналар жиналысы жоспарлы түрде өткізіліп отырды

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында зиянды әдеттердің алдын-алу, санитарлық-гигиеналық іс-шаралар өткізіледі. Колледж студенттеріне медициналық көмек көрсетіледі: түрлі жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатын егу жұмыстары жүргізілді.

**Психологиялық қызметтің құрылымы**

Психологиялық қызметтің құрылымы ҚР білім және ғылым министрлігінің №528 бұйрығымен және 2015-16 оқу ж. Білім басқармасы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 5 қаулысымен бекітілген «Батыс Қазақстан облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» № 6 қаулысымен бекітілген Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағыттарда жүзеге асырылады.

**2020-2021 оқу жылында**

Колледж педагогтарымен келесі тақырыптарға консультативтік жұмыс жүргізілді:

- "Қиын жасөспірімдердің мәселелері, олардың алдын алу және шешу жолдары";
- "Сөйлеу мәдениеті";
- "Ұлтаралық қатынастардың заманауи мәселелері және оларды шешу жолдары";
- "Мінез және темперамент";
- "Қауіпті интернет, суицидтік ниеттер мен құқық бұзушылықтардың алдын алу" студенттермен кеңес және ата-аналарға ұсыныстар;
- бала-ата-ана қарым-қатынасын шешу.

Колледж студенттерімен келесі тақырыптарға сауалнама жүргізілді:

- "Құқық бұзушылықтың алдын алу"
- Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық мәселелерін зерттеу " -
- Студенттерге вакцинация сұрақтары бойынша сауалнама.

**2021-2022 оқу жылында**

Колледж студенттерімен келесі тақырыптарға сауалнама жүргізілді:

- Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық проблемаларын зерделеу жөніндегі сауалнама;

2-3 курс студенттерімен диагностикалық жұмыс жүргізілді:

- Н жеке сауалнама (суицидтік ниеттерді анықтау)
- Эйзенкке сәйкес темперамент түрін анықтау (бейімделген.Г. Шмелев студенттермен жеке-жеке)
- Мюнстербергер тесті және жаңадан келген студенттер үшін назар мен қабылдау деңгейін анықтау үшін "кателерді түзету" әдісі.
- Спилбергердің дабыл шкаласы.

**2022-2023 оқу жылында**

Өткен жылы студенттерге, педагогтарға, өндіріс оқыту мен ата-аналар үшін 43 кеңес (бастапқы және қайталама) өткізілді.

Колледж студенттерімен келесі тақырыптарға сауалнама жүргізілді:

- "Дін және жастар" сауалнамасы өткізілді. Сауалнамаға 15-50 жас аралығындағы 106 студент қатысты. Зерттеу мақсаты: қазіргі жастардың дінге қатынасын зерттеу.

- "Колледждегі сыбайлас жемқорлық" тақырыбында сауалнама жүргізілді, сауалнамаға 111 студент қатысты. Мақсаты: біздің колледждегі сыбайлас жемқорлық жағдайы туралы студенттердің пікірін зерттеу.

- "Құқық бұзушылықтардың алдын алу" сауалнамасы. Сауалнаманың мақсаты: құқықтық сауаттылық бойынша студенттердің білім деңгейін анықтау, оқудан бос уақыттағы негізгі бейімділіктер мен қызығушылықтарды анықтау.

## 7. ОҚУ МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Сарыағаш медресе колледжінің балансында қазіргі заман талаптарына сәйкес оқу үрдісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін материалдық техникалық базасы бар. Қазіргі уақытта колледж балансында төмендегідей оқу-әкімшілік ғимараттар бар: 3 оқу ғимараты, 1 спортзал, 2 асхана, 2 жатақхана, 10 жалпы білім беретін пәндер кабинеті, 20 арнайы пәндер кабинеті, 2 зертхана, ашық спорт алаңы бар.

Оқу ғимараттарының жалпы аудандары 11174 кв.м құрайды.

Сонымен қатар колледж бойынша 1 жабық спорт зал, 1 ашық спорт алаңы, 550 орындық 2 асхана, жалпы аудандары 388 кв.м және 204,4 кв.м және 600 және 400 орындық жатақханалар, 2 медпункт бар.

Спорт залының жалпы ауданы – 1716 кв.м.

Барлық оқу-зертханалық кабинеттер қажетті құрал-жабдықтар мен саймандармен қамтамасыз етілген. Зертханалар қажетті өлшеу, тәжірибе жасауға қажетті қазіргі заманға құралдармен жабдықталған.

Колледжде компьютерлермен және техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған 2 кабинет бар.

Асхана ашық конкурс негізінде студенттерді тамақтандыруды ұйымдастырады. Қазіргі таңда колледждегі барлық 925 студент үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. 1000 орындық ауданы 388 кв.м және 204,4 кв.м 2 асхана бар.

Бұлардың барлығы да типтік ғимараттарда орналасқан, су және канализация желісіне қосылған. Тоңазытқыш және технологиялық құрал-жабдықтар талаптарға сәйкес, ыдыс аяқтар жеткілікті мөлшерде.

Колледж әкімшілігі материалдық-техникалық ресурстарды үнемі жаңартып жетілдіру бағытында жұмыстанады.

